МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №93 (6544) 1 қараша, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

ЭКОНОМИКА



АЛМАТЫДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ 2

ГЕОСАЯСАТ



ҰЛЫ ДАЛА МҰРАГЕРЛЕРІ стратегиялық серіктестікке қадам басты 3

АЛАШТЫҢ АЙЫМДАРЫ



Фариза ОҢҒАРСЫНОВА: «РУХАНИ ТҰТАСТЫҒЫ ЖОҚ ҰЛТТЫҢ ҒҰМЫРЫ ДА ҚЫСҚА» 10-11

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

## Инвестициялық бағдар:

# ЖАҢА БАСТАМАЛАР, НАҚТЫ ЖОБАЛАР



Мемлекет басшысы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 36-шы пленарлық отырысын өткізді

**Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларға ілтипат білдіріп, Кеңестің инвестициялық климатты жақсартуға қатысты мәселелерді талқылайтын маңызды диалог алаңына айналғанын атап өтті.**

### Маңызды диалог алаңы

Президент Халықаралық менеджментті дамыту институтының (IMD) мәліметіне сүйене отырып, еліміз әлемдегі бәсекеге қабілетті 35 мемлекеттің қатарына қосылғанын айтты.

– Біз 2029 жылға қарай шетелден қосымша 150 миллиард доллар тікелей инвестиция тартамыз деген өршіл мақсат қойдық. Бұл міндетті іске асыру үшін Үкімет жанындағы Инвестициялық штабқа туындаған проблемаларды жедел шеше алатын құзырет берілді. Биыл мамыр айында ұлттық экономиканы ырықтандыруға негіз қалаған Жарлыққа қол қойдым. Біз елімізде инвесторлардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі шаралар қабылдауды жалғастыра береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

# «МЕДЕУГЕ» КЕЛІҢІЗ!

## Жаңа маусым ашылады



**2 қарашада «Медеу» биік таулы мұз айдынында жаппай сырғанаудың жаңа маусымының салтанатты ашылуы өтеді.**

Салтанатты ашылу бағдарламасы сағат 12.00-ден 15.30-ға дейін жалғасады. Жаңа маусымы ашылған күні келушілер үшін салтанатты бағдарлама мен концерт қарастырылған. Кешкі сағат 17.00-ден 20.00-ге дейін қонақтар конкурстарға қатысып, қонақтар кешті жүргізуші мен диджейдің сыйлықтарын алады және дискотекаға қатысады.

Жаңа маусымда келушілерді күнделікті жаппай сырғанау сеанстары, мерекелік іс-шаралар және спорттық жарыстар күтеді. Ниет білдірушілер конькиді жалға алып, демалыс аймағын пайдалана алады. Қонақтарға ыңғайлы болу үшін мұз айдыны аумағында фастфуд пункттері ұйымдастырылады.

Алматы қаласы спорт ғимараттарының дирекциясы қала тұрғындары мен қонақтарына кассалардағы кезектерді болдырмау және турникет жүйесі арқылы жылдам өтуді ұйымдастыру, кептелістер мен тұрақ қиындықтарын болдырмау үшін билеттерді www.medeu.kz ресми сайт арқылы сатып алуды және қоғамдық көліктерді пайдалануды ұсынады.




Ашылу күні №12 автобус бағытын «Медеу» биік таулы мұз айдынына дейін ұлғайту жоспарлануда. Автобустар жұмыс күндері сағат 8.00-ден 00.00-ге дейін және демалыс күндері сағат 8.00-ден 01.00-ге дейін жүреді. Ал көлік жүретін орындарды 2GIS қызметінен табуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**

**1.11.2024**

Түнде: +3+5 °С Көшелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +13+15 °С Көшелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**2.11.2024**

Түнде: +4+6 °С Көшелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +15+17 °С Көшелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**3.11.2024**

Түнде: +8+10 °С Көшелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +6+8 °С Көшелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

0 745178 614887 >

ПРЕЗИДЕНТ

## Инвестициялық бағдар:

# ЖАҢА БАСТАМАЛАР, НАҚТЫ ЖОБАЛАР

(Басы 1-бетте).

### Ұлттық инфрақұрылым жоспары: тың мүмкіндіктер

**• Мемлекет басшысы еліміздің минералды-шикізат қоры мол екенін жеткізді. Сондай-ақ, геологиялық барлау және пайдалы қазбаларды игеру саласындағы үдерістердің тиімділігі мен ашықтығын арттыру шаралары жөнінде мәлімет берді.**

Президенттің айтуынша, Қазақстан соңғы алты жылда геологиялық барлауға 1 миллиард доллардан астам жеке инвестиция тартқан. Қазір еліміздегі 1,6 миллион шаршы шақырымға жуық аумаққа геологиялық зерттеу жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын алуға болады.

*– Жақында қабылданған 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспары жергілікті өндірушілерге тың мүмкіндік ұсынады. Жалпы сомасы 86 миллиард доллардан асатын 200-ге жуық ірі инфрақұрылымдық жоба іске асырылмақ. Үкімет жергілікті өндірушілерден офтейк-келісімшарттар арқылы сатып алуға арналған тауарлар тізімін жасақтап жатыр. Өнеркәсіп өркендеуі үшін жоғары білікті жұмысшылар қажет. Сондықтан мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладым. Біз Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды дамытуға ниетті инвесторларды іздейміз,* – деді Президент.

### Қазақстан – мұнай өндіру қарқыны жоғары мемлекеттердің үздік бестігінде

**• Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика секторындағы жағдайды айта келе, ел дамуында халықаралық мұнай компанияларының маңызды рөл атқарғанына айрықша тоқталды.**

*– Шетелдік инвесторлар елімізге капитал құйып, озық технологиялары мен жоғары білікті мамандарын әкелді. Олардың инвестициясы отандық энергетика саласының дамуына оң ықпал етті: кейінгі 30 жылда мұнай өндірісі үш есе артты. Осы көрсеткіштердің нәтижесінде Қазақстан мұнай өндіру қарқыны жоғары мемлекеттердің үздік бестігіне кірді. Болашақта біз бұл межені жылына 100 миллион тоннадан асыруды көздеп отырмыз,* – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының пікірінше, мұнай химиясы өнеркәсібін өркендету Қазақстан экономикасын әртараптандыруға зор үлес қосады.

*– 2022 жылы өндірістік қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен шығаруға жететін Орталық Азиядағы ең ірі зауытты іске қостық. Қазіргі уақытта бұл кәсіпорын ішкі сұраныстың шамамен 60 пайызын өтеп отыр әрі өз өнімін Еуропа, Түркия және Қытай нарықтарына экспорттайды. Биыл қыркүйек айында жылына 1,2 миллион тонна полиэтилен өндіретін зауыт құрылысы басталды. Бұдан бөлек, мұнай химиясы саласында жалпы құны 14 миллиард доллардан асатын бірқатар жоба пысықталып жатыр,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### «Жасыл» жобалар, тиімді уағдаластықтар

Мемлекет басшысы «таза энергетика» секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру мәселесіне айрықша тоқталды. Атап айтқанда, Қазақстанда жалпы қуаты 43 ГВт болатын «жасыл» жобаларды жүзеге асыру үшін Total, Svevind, ACWA Power және Masdar сияқты әлемдік компаниялармен нақты уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұдан бөлек, Қазақстан атом энергетикасын дамыту ісінде мол әлеуетке ие.

*– Біз уран өндірісі бойынша әлемдегі ірі елдердің санатына кіреміз. Өздеріңізге мәлім, жақында өткен жалпыұлттық референдумда азаматтарымыз Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясының құрылысын қолдады. Бұл бастаманы энергетикалық қауіпсіздігімізге салған ұзақмерзімді инвестиция деуге болады. Қазіргі кезде осы жобаны жүзеге асыру үшін халықаралық консорциум құру мүмкіндігін қарастырып жатырмыз,* – деді Президент.

Инвесторлардың назар аударуына лайық саланың бірі – агроөнеркәсіп секторы.

*– Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамыту Орталық Азия аймағының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан стратегиялық басымдық саналады. Елімізде ауыл шаруашылығына жарамды 200 миллион гектардан астам жер бар, бұл ретте әлемде алтыншы орындамыз. Кейінгі алты жылда саладағы экспорт көлемі екі есе ұлғайып, бес миллиард доллардан асты. Біз агроөнеркәсіп кешенін жоғары технологиялық секторға айналдыруды көздейміз. Осы орайда, шетелдік инвесторлардың үлесі бар құны бес миллиард доллардан асатын 100-ден астам жоба қолға алынады,* – деді Мемлекет басшысы.

### Бес мың шақырымнан астам жаңа теміржол салу жоспарда тұр

Көлік және логистика секторында Қазақстан Еуразиядағы негізгі тасымал торабы ретінде өз позициясын нығайтуға ниетті. Елімізде он бір мың шақырым ескі теміржолды жөндеу және бес мың шақырымнан астам жаңа теміржол салу жоспарланған. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытудың маңызы зор. Сондықтан жаңа жүк терминалдарын салу мен кеме өндірісін жолға қою арқылы Орта дәліз инфрақұрылымын дамыту үшін инвестиция тартуға баса назар аударылды.

Президент өз сөзінде инвесторлар құқығын қорғау және реттеушілік саясатты дамыту мәселелеріне ерекше мән берді. Сот және құқық жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңғыртулар қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға бағытталғанын айтты.

Сонымен қатар, Үкімет пен инвесторлардың өзара қарым-қатынасын цифрландыру аясы кеңейіп келеді. Жыл соңына дейін Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа толық жұмыс істегенде, жобалардың жүзеге асырылу барысын нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік туады.

Жаңа Салық кодексі машиналар, құрал-жабдықтар және бағдарламалық жасақтамалар сатып алуға жұмсалған шығындарды шегеретін салық преференцияларын бекіту арқылы инвестициялық кезеңді жандандырады.

Еліміз қаржы секторындағы ынтымақтастық аясында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметіне ерекше мән береді. АХҚО – әлемдегі жетекші қаржы орталықтарының озық тәжірибесін меңгерген Орталық Азия өңіріндегі бірегей мекеме.

Президент сөз соңында еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға, жаңа бастамалар мен нақты жобаларды жүзеге асыруға бағытталған Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшелері мен мемлекеттік органдар арасындағы диалогты жалғастырудың маңызына назар аударды.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**
**(Дереккөз: www.akorda.kz).**

НАҚТЫ СЕКТОР

# АЛМАТЫДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ






**Мегаполисте Kazakhstan Mobility Engineering қазақ тілі интеграцияланған автокөліктерге арналған мультимедиялық жүйелер шығаратын жаңа зауыт ашылды.**

Зауытты іске қосу – жоғары деңгейде қайта өңдеуді игеру және ірі өнеркәсіптік нысандардың айналасында іргелес өндірістерді құру қадамдарының бірі. Кәсіпорын «Астана Моторс» компаниясының құрамына кіреді.

Кәсіпорын Оңтүстік Кореялық Motrex Co Ltd серіктесінің технологиясы бойынша жұмыс істейді. Жаңа өндірісті іске қосу Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында белгіленген мақсаттарға жауап береді. Өнеркәсіптік әлеуетті толыққанды ашу үшін отандық шикізат пен компоненттерді пайдалануды қоса алғанда, жүйелі тәсіл қажет. Автоөнеркәсіптің өсуі Қазақстанның өнеркәсіптік саясатының негізгі бағыттарының біріне айналуда, сондықтан өндірістік үдерістерді локализациялау мен тереңдетуді бірлесіп дамыту маңызды.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

***• Kazakhstan Mobility Engineering зауыты Алматының индустриалды аймағында орналасқан. Кәсіпорын 100 мың шаршы метр аумақта автокөлік бөлшектерін шығаратын ірі технопарктің құрамына енеді. Аталған жоба өндірісті локализациялауға және қазақстандық автоөнеркәсіпті қолдауға бағытталған.***

***• Алматы индустриалды аймағы аумағында автокреслолар, автокөліктерге арналған резеңке және пластик бұйымдарын шығаратын зауыттар мен логистикалық хабты іске қосу жоспарланып отыр. Барлық технопарктің техникалық өндірістік қуаты жылына шамамен, 100 мың жиынтықты құрайды. Кластер аумағында 90-нан астам маман жұмыс істейді, ал бүкіл өндірістік кешен қызметкерлерінің штаты шамамен, 400 адамға жетеді деген болжам бар.***

Еске сала кетсек, күні кеше ғана ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев Үкімет отырысында елдің машина жасау саласын дамыту стратегиясын ұсынды. Ол өз сөзінде қазақстандық өнімнің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі аспектілерін, инновациялар мен цифрландырудың маңыздылығын, шетелдік инвесторларды тарту және өндірісті жергілікті деңгейде дамытуды атап өтті. Машина жасау өңдеуші өнеркәсіптің 20% құрайды және айтарлықтай мультипликативтік әсер береді: саладағы бір жұмыс орны ілеспе салаларда 7–8 орынға дейін құрайды. 2024 жылдың 9 айында инвестиция көлемі 124 млрд теңгеге жетіп, екі есе өскен. Негізгі секторларға тоқталсақ, Автомобиль жасау саласында CHANGAN, HAVAL, KIA және Geely маркалары аясында ірі жобалар іске асуда. 2025 жылға қарай жылына 90 мың автомобиль шығару жоспарлануда. Министр өндірісті жергілікті деңгейде тереңдетуге ерекше назар аударылатынын, автокресло мен мультимедиялық жүйелер шығару қолға алынып жатқанын айтқан еді.

Отандық өндірушілерді қолдау шеңберінде Үкімет кешенді шараларды іске асыруда. Автокөлік жасауда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес кластерлік өндірісті дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл саланың тұрақты өсуіне және сыртқы нарықтардағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**
**(Дереккөз: primeminister.kz).**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Қанат ШАРЛАПАЕВ, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі:**

### Мақсат – өндіріс циклын құру

***Бұл зауыттың іске қосылуы Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы ынтымақтастыққа маңызды үлес қосады және еліміздің автомобиль саласының дамуына ықпалы зор.***

***Мультимедиялық жүйелер – бұл жоғары дәлдіктегі өндіріс, ол цифрлық технологиялар саласындағы, инженерлік саладағы бірінші дәрежелі мамандардың құзыретін талап етеді.***

***Біздің басты мақсатымыз – локализацияның жоғары үлесі бар өндіріс циклын құру. Біз отандық шикізат пен компоненттерді барынша пайдаланатын боламыз. Сондықтан Kazakhstan Mobility Engineering еліміз үшін маңызды мәнге ие.***

Almaty AQSHAMY
№93 (6544) 1 қараша, 2024 жыл
3
almaty-akshamy.kz

ГЕОСАЯСАТ

# ҰЛЫ ДАЛА МҰРАГЕРЛЕРІ

## стратегиялық серіктестікке қадам басты

**Осы аптаның басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Моңғолияға сапармен барды. Қазақстан Президентінің Моңғолияға мемлекеттік сапары соңғы рет бұдан 16 жыл бұрын жасалғанын ескерсек, бұл сапарды тарихи деп бағалауға негіз бар. Оның үстіне қазіргідей геосаяси жағдайда өңірдегі елдердің өзара қарым-қатынасты дамытуы қос тараптың да мүддесіне сай келеді. Киіз туырлықты екі халықтың ынтымақтастықты дамытуға қадам жасап жатуы да өзінше бөлек мәнге ие. Сондықтан Президент сапарының жай-жапсарын, жасасқан келісімдердің маңызына арнайы тоқталуды жөн көрдік.**

### Сапардың тарихи маңызы

Қазақ пен моңғол тарихи тамыры ортақ, әрі өзара тығыз байланыста болып келген елдер. Бағзы дәуірде салтанат құрған Ұлы көшпелі өркениеттің қазіргі замандағы негізгі мұрагерлері. Өткен ғасырдағы күрделі геосаяси өзгерістер Еуразия төсіндегі екі халықты саяси картада бөліп тастағандықтан, бұл тарихи байланыстар біршама уақыт шектеулі күйге ұшырады. Десе де, тәуелсіздіктен кейін тараптар екіжақты қарым-қатынасты біртіндеп дамытып келеді. Мемлекет басшысының кезекті сапары да осы бағыттағы елеулі қадамның бірі. Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухтың шақыруымен жасалған мемлекеттік сапар аясында қос тарап қол жеткізген келісімдердің де осы тұрғыда маңызы айрықша.

Моңғолия тарабы Қазақ елімен ынтымақтастықты дамытуға баса мән беретінін Қазақстан Президентін қарсы алудағы салтанат пен ресми кездесулердегі ілтипаттан да аңғару қиын емес. Сауыт киіп, сап түзеген салт атты сарбаздардан тартып, ұлттық киімдегі салтанат қарауылы, үкімет үйіндегі қос елдің байрақтары, ел астанасындағы жалаулар да дипломатия тілімен үн қатып, моңғол жұртының сыралғы әрі сыйлы қонаққа деген құрмет-қошеметін танытты. Байырғы көшпенділердің мұрагері екі елдің басшылары шағын құрамдағы кездесуді киіз үйдің ішінде өткізуі де түсінген адамға өзінше терең мәні бар оқиға. Бұдан да маңыздысы, қазіргі жаһандық геосаяси жағдай Еуразия кіндігіндегі елдердің ішкі интеграциясына оң әсер беріп жатқанын көре аламыз.



### Кездесу мәні мен келіссөз нәтижелері

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Моңғолия президенті Ухнаагийн Хурэлсух алдымен шағын құрамда, сосын кеңейтілген құрамда кездесу өткізді. Барлық деңгейдегі келіссөздер негізінен қазақ-моңғол қарым-қатынасын түрлі бағытта дамытуды көздейді. Екі ел басшысы ресми кездесуде қазақ-моңғол қарым-қатынасының болашағына оң әсер берерлік жылы лебіздермен алмасты. Айталық, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: ***«Қазақ және моңғол халықтары – Ұлы дала өркениетінің мұрагерлері. Ынтымақтастықты жаңа стратегиялық деңгейге көтеру екі елдің мүддесіне сай келеді. Біз моңғол халқына үлкен құрметпен қараймыз және Моңғолияның жетістігіне әрдайым қуанамыз»,*** – деген пікірі екі халықтың байланысын тіпті де дамытуға бағытталған дипломатиялық лебіз деуге болады.

Президент Хурэлсух те Қазақстан Президентінің кезекті сапарының маңызын жоғары бағалап: ***«Еліміз Сіздің бүгінгі сапарыңызды екіжақты ынтымақтастықтың таяу жылдардағы перспективті бағыттарын айқындайтын мезет ретінде қарастырады. Бұл сапар екі елдің қарым-қатынасын стратегиялық серіктестік деңгейге шығару тұрғысынан өте маңызды»,*** – деп ілтипат білдірді.

Бұл реткі сапардағы кездесулер мен келіссөздердің басты жетістігі – стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларация болды. Тараптар осы маңызды құжатқа қол қоя отырып, сауда-экономика, туризм, энергетика салаларындағы бірқатар маңызды құжаттарға да қол қойысты.

### Келісімдер мен ынтымақтастық бағдары

Бірлескен декларация негізінде тараптар 11 жаңа келісімге қол қойғаны мәлім. Осы құжаттардың мазмұнына қарай отырып, екі елдің ынтымақтастықты дамытудағы бет-алыстарын бағамдауға болады. Келісімдер негізінен зейнетақы саласындағы ынтымақтастық, алдағы 3 жылда сауда-экономикалық байланыстарды дамыту жобасы, үкіметтер арасында авиациялық іздестіру және құтқару бойынша ынтымақтастық, автожолдарды дамыту, мәдени байланыстарды ілгерілету, сонымен қатар, туризмді дамыту бойынша ынтымақтастық құжаттарды қамтиды. Қазақстан үкіметінен тыс жеті министрлік Моңғолия тарабымен өз салалары бойынша меморандум жасасты. Олардың арасында Сыртқы істер, Энергетика, Ауыл шаруашылығы және Көлік министрліктері де бар. Меморандумдардың бірі Энергетика министрлігі мен Моңғолияның Атом энергиясы жөніндегі комиссияның атқарушы кеңсесі ортасында жасалды. Бұл ынтымақтастық ядролық отынға қажетті ресурстарға бай ортаазиялық екі ел арасында маңызды серіктестікке жол ашуы бек мүмкін.

Міне, осы келісім-құжаттарына қарай отырып, алдағы уақытта Қазақстан–Моңғолия қарым-қатынасының басты даму бағыты туризм, энергетика салаларын негіз ететінін көре аламыз. Мемлекет басшылары саяси, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды дамыту мәселесіне көбірек көңіл аударғаны ресми мәлімдемелерден анық байқалды. Ал тау-кен және металлургия, көлік-логистика, сондай-ақ қаржы саласы да қазақ-моңғол арасындағы стратегиялық серіктестік орнатуда қозғаушы бағыттар ретінде қолға алынбақ. Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен жобалар мен қол қойысқан келісімдерді сапалы жүзеге асыру керектігін атап өткен.

Қазақстан мен Моңғолия – әлемдегі мұхиттан шалғай жатқан ең ірі елдер. Бірақ болашақтың энергия көзі саналатын сирек элементтерге, уран қорына бай. Орта Азияның геосаяси маңызы арта түскен уақытта аймақ елдерінің маңызды салаларда ынтымақтастықты дамыту үшін ортақ қадамдар жасауы екі елдің де ұлттық мүддесіне сай келеді. Міне, осы тұрғыдан Мемлекет басшысының кезекті сапары қазақ-моңғол қарым-қатынасының жаңа парағын ашты деуге болады.



**Естай БОЖАН,**
**сарапшы.**

ЭКОНОМИКА

# Республикалық бюджет:

# МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ МҮДДЕСІ

## Ұлттық қор қаражатын көбейтетін жалғыз фактор – инвестициялық кіріс

**30 қазанда Мәжіліс «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңды мақұлдады. Мәжілістің отырысына 93 депутат қатысып, оның 82-сі заңды қолдап, дауыс берді. Ал 11 депутат қалыс қалды. Осылайша еліміз үшін маңызды құжат басым көпшілік дауыспен қабылданды. Алайда, депутаттар тарапынан сыни пікірлер мен сұрақтар да қойылды. Кейбір халық қалаулыларының қалыс қалуының сыры осында.**

### Әлеуметтік бағдарлану, мұнайға тәуелділік пен қор тапшылығы

Мәжілістің жалпы отырысында қоғам мен мемлекет үшін маңызды мәселелер қаралды. Оған төменгі палата депутаттары, Премьер-Министр Олжас Бектенов пен Үкімет мүшелері қатысты. Депутаттар мынадай мәселелерді қарады:

- **«2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасы;**
- **«ҚР Ұлттық қорынан 2025–2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заң жобасы;**
- **Еліміздің 2025–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы.**

Соңғы екі мәселе бойынша Мәжіліс депутаттары алдында Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров баяндама жасады. Оның сөзіне қарағанда, Ұлттық қордан қаражат алу не алмау, қордан қанша алу және орта уақыттық перспективада әлеуметтік-экономикалық болжам жасау мұнай бағасына қарап талданады екен. Яғни бір елдің бюджеті мұнай экспортына тәуелді деген сөз.

Еліміздің Ұлттық банкі экономика жайлы шынайы ақпарат беретінімен ерекшеленеді. Тәуелділіктің әлі бар екенін Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов те мәлімдеген. Әлемдік тәжірибе бойынша мемлекеттің ұлттық экономикасының әл-ауқаты АҚШ долларына шаққандағы валютасының құнымен есептеледі. Соңғы уақытта теңге құнсызданып бара жатыр деген сөздер жиі айтылуда. Ұлттық банк төрағасы Қазақстанда доллардың қымбаттауына мұнай бағасының тұрақсыздығы әсер ететінін айтты.

«Біріншіден, бізде мұнай нарығында үлкен тұр*ақсыздық бар. Соңғы аптада мұнайдың бір баррелі 80 доллардан бүгін таңертең 71,5 долларға дейін төмендеді. Бұл ұлттық валютамыздың бағамына әсер ете алмайды. Екіншіден, қазақстандық заңды тұлғалар тарапынан (долларға) жоғары сұранысты көріп отырмыз»,* – деді Тимур Сүлейменов Мәжілістің жалпы отырысынан соң. Яғни мұнай бағасы тікелей әсер етсе, нарықтағы долларға сұраныс отқа май құйғандай әсер етеді деген сөз.

Екінші мәселе бюджет тапшылығы. Бізде бюджетке түсетін табыстан шығын көп. Сол шығынның орнын толтыру үшін Ұлттық қордан қаражат алу тоқтар емес. Мұны Мәжілісте Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов «2025–2027 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» баяндама жасау барысында атап өтті. Оның айтуынша, Ұлттық қордан алынатын қаржы көлемі түсімнен асып кеткен.

*«Мұндай жағдайда Ұлттық қор қаражатын көбейтетін жалғыз фактор – инвестициялық кіріс. Ол биыл тоғыз айда 10,27% немесе 6,16 млрд доллар болды. Тек осының арқасында Ұлттық қордың активтері жыл басынан бері 4,5%-ке өсіп, 62,7 млрд долларға жетті»,* – деді Ұлттық банк төрағасы.

Мысалы, 2025 жылға кірістер 21,4 трлн теңгеге жетер-жетпес болса, шығыстар 25,1 трлн теңгені құрайды. Алайда, алдағы 3 жылғы бюджеттің басты артықшылығы әлеуметтік бағытқа бағдарланған. 2025 жылы әлеуметтік салаға 9,8 трлн теңге бөлу жоспарланып отыр. Бұл биылмен салыстырғанда, 862 млрд теңгеге көп.

Тағы бір артықшылығы, бюджетке халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға және өңірлерді дамытуға бағытталған түзетулер енгізілген. Халықты таза ауызсумен қамтамасыз етуге, жылу, электр энергетикасы, көлік, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүйесін жақсартуға, өңірлерді дамытуға, «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыруға қосымша шығыстар көзделген.

### Алматы өз-өзін асырай алатын халде

Ата Заңымызға сәйкес еліміз унитарлы мемлекет. Біртұтас, бөлінбейтін, бір орталыққа бағынатын саяси жүйе деген сөз. Алайда, бұл өңірлер жоқ дегені емес. Себебі, қуатты өңірлерсіз алпауыт экономика құру мүмкін емес.

Қазақстан әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша 17 облыс, 3 республикалық маңызы бар қаладан тұрады. Өкінішке орай, басым көпшілік өңір экономикалық тұрғыдан өз-өзін асырай алмай келеді. Мұндай жағдайды 2025–2027 жылдарға арналған бюджеттен де көруге болады. Құжатқа сәйкес Астана және Алматы қалалары, Атырау облысында бюджеттік оң сальдо сақталуда. Тіпті, республикалық бюджетке салықтан түсетін қаражаттың бір бөлігін береді. Мысалы, 2025 жылға жоспарланған қаражат келесідей:

**Алматы қаласынан – 251 515 914 мың теңге;**
**Атырау облысынан – 178 103 098 мың теңге;**
**Астана қаласынан – 74 573 219 мың теңге.**

Ал Шымкент қаласы мен 16 облыс республикалық бюджеттен субвенция алып отыруға мәжбүр. Субвенция әр өңірден республикалық бюджетке түсетін салық көлеміне тәуелді. Келесі жылға ең көп субвенцияны Түркістан облысы алады (1,1 трлн теңге). Ең аз субвенцияны Ұлытау облысы алады. Оның көлемі 59 млрд теңгеден сәл асады. Демек, бұл облыста әлеуметтік-экономикалық мәселелер бар деген сөз.



**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

# ҚАЛА ШАМДАРЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Алматыда жылдың басынан бері 30 мыңнан астам шам ауыстырылып, 300 км-ден астам кабель тартылды. 2024 жылы Алматыда магистральді көшелерде 45 км сыртқы жарықтандыру желілері жөнделді.**

Ернұр РЫСБАЙ

Жұмыс барысында зақымданған желілер қалпына келтіріліп, күйіп кеткен шамдар ауыстырылды, жаңа кабель тартылды. Тек қазан айында Достық, Рысқұлов және әл-Фараби даңғылдарында, Керей-Жәнібек хандар, Бұқтырма және Майлин көшелерінде, сондай-ақ Шығыс айналма автомобиль жолында (ШААЖ) 700-ден астам жұмыс істемейтін шам ауыстырылды.

Осы уақытта әл-Фараби даңғылының Розыбакиев, Жароков, Дулати, Сейфуллин, Назарбаев, Достық көшелері және ШААЖ қиылысындағы автомобиль тоннельдері мен көпірлер толық жарықтандырылды. Бұл учаскелерде 220 ескі шам, оның ішінде күйіп кеткендері, жаңа светодиодты прожекторларға ауыстырылды.

«Алматы Қала Жарық» бас инженері Әлмұхамед Жалпақов алматылықтарды сапалы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз ету жұмыстары тек магистральді көшелерде емес, қаланың барлық жерінде жүргізілуде екендігін атап өтті. Оның айтуынша, көшелердің категориясына қарамастан, жөндеу бригадалары барлық түскен шақыруларға бірдей жылдамдықпен жауап береді.

*«Мысалы, жақында Жетісу ауданындағы «Көкжиек» ықшамауданында 120 шам, Алмалы ауданындағы Брусиловский көшесінде 90 шам, Алатау ауданы, Досманов көшесінде 80 жаңа шам орнатылды»,* – деді Жалпақов.

Жалпы, жылдың басынан бері Алматыда 30 мыңнан астам шам ауыстырылып, 300 км-ден астам кабель тартылды. Қаланың көшелері маңызына қарай үш категорияға бөлінеді. «А» категориясына қалааралық маңызы бар магистральді жолдар мен көшелер (даңғылдар) және олардың бойындағы жаяу жүргіншілер аймақтары жатады. Бұларға Құлжа және Іле тас жолдары, ШААЖ, әл-Фараби, Рысқұлов, Абай, Достық, Назарбаев, Сейфуллин, Абылай хан, Сүйінбай, Майлин, Сайын, Тимирязев, Бұқтырма көшелері және басқалары кіреді.

ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



# «Медеуге» баратын жол

## 14 жылда алғаш рет жөнделді

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

**Алматыда қаланың көше-жол желісіне орташа жөндеу жұмыстары аяқталып қалды. Биыл мегаполис әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша қаланың басты көрікті жерлерінің бірі – «Медеу» биік таулы спорт кешеніне апаратын жол учаскесі жөнделді.**

Керей Жәнібек хан көшелері, «Медеу» БСК-не дейінгі жалғыз жолды жөндеу 15 жылға жуық жүргізілген жоқ. Бұл ретте Алматыдағы жолдардың жөндеу аралық мерзімі – 5 жыл.

Ағымдағы жылы ұзындығы 10 шақырым жол учаскесінде асфальтбетон жабыны толығымен ауыстырылды. Сонымен қатар, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алғаш рет 14 шақырымға жуық тротуар жасалды. Сондай-ақ, 37 өздігінен жүретін немесе «қалқымалы» кәріз люктері орнатылды. Бүгінгі таңда барлық жөнделген учаскеде жол белгілері бар.

*«Бұл көшені жөндеу кезінде полимерасфальтбетон пайдаланылды, ол жабынның калибрге төзімділігін, сондай-ақ оның беріктік сипаттамалары мен жарықтарға төзімділігін арттырды. Полимерлері бар асфальттың жұмсарту температурасы әдеттегіден жоғары, сондықтан ол ыстыққа төзімді, әрі ұзақ қызмет етеді»,* – деп атап өтті жол ғылыми-өндірістік орталығы басшысының орынбасары Азамат Жайсанбаев.

«Жалпы жол» Жол қозғалысы қауіпсіздігі қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Арсен Шакуовтың айтуынша, аталған учаскедегі жаңа тротуарлар жаяу жүргіншілерге жайлы.

– Туристер мен қала қонақтары үнемі жүретін бұл жолды бұдан да ерте жөндеу керек еді. Өйткені, *«Медеу» – қаланың басты көрікті жерлерінің бірі. Демалыс күндері қала тұрғындарының өздері осы жаққа барғанды ұнатады, көбісі жаяу жүреді, қоғамдық көліктер мен тротуарлар, жаңа белгілер мен жақсы жол қажеттілік»,* – деп атап өтті Арсен Шакуов.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# ҚАУІПСІЗ ЖОЛ

## Алматы жолайрықтарында қауіпсіз қоршаулар орнатылып жатыр




**Алматыда бірқатар жолайрықтарында ескірген қоршауды тозуға төзімді және қауіпсіз қоршауға ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.**

Мысалы, Байзақов пен Манас көшелерінің арасындағы Сәтбаев көшесіндегі жолайрығындағы құбырлы металл қоршау 15 жылдан астам уақыт бұрын орнатылған. Қоршауға бірнеше рет ағымдағы жөндеу жүргізілсе де, зерттеу көрсеткендей, бүгінде ол әбден ескірген.

Сонымен қатар, құбырлы қоршау қажетті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етпейді, ал орнатылған толқындық қоршау төзімді әрі траекторияны сәл бұрышпен түзетеді. Ол сондай-ақ, мырышталған металдан жасалған, яғни коррозияға төзімді.

Жоғарыда көрсетілген жолайрығында барлығы 3 мың метрге жуық қоршау ауыстырылады. Жұмыстарды ағымдағы жылдың 10 қарашасына дейін аяқтау жоспарлануда.

Осыған ұқсас жұмыстар Райымбек пен Сүйінбай даңғылдарының қиылысында жүргізілуде. Барлығы 2,5 мың метр қоршау ауыстырылады. Жұмыстарды аяқтаудың жоспарланған мерзімі – қараша айының соңы.

Бұған дейін мұндай қоршау Райымбек даңғылының солтүстігіндегі Назарбаев даңғылының бойындағы эстакадаға орнатылған болатын.

Е.ЕРЛАНҰЛЫ.

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

# ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙ ШЫҒУ ҮШІН

## *автопарктер жаңарып, арнайы техникалармен жарақтандырылды*



**Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандарының хабарлауынша, қысқы кезеңде қалаға қызмет көрсету үшін 918 бірлік техника әзірленіп, жолдар мен тротуарларды тазартуға 1400 жол жұмысшысы тартылуы мүмкін.**

Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы 2,7 мың шақырымнан асатын 2318 көшеде санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, күндізгі кезеңде техниканың көшелерді тазалауға күнделікті шығуы шамамен, 600 бірлік пен 800 жол жұмысшысын, түнгі ауысымда 220 бірлік техниканы және 250 жол жұмысшысын құрайды.

Он мердігер ұйым қысқы кезеңге дайындық жұмыстарын аяқтады. Өндірістік базалар, арнайы техника, жүргізушілер мен жол жұмысшыларына арналған демалыс бөлмелері, көктайғаққа қарсы және жанар-жағармай материалдарын, қосалқы бөлшектерді, қажет құралдарын, қысқы арнайы киімдерді сатып алу, қысқы жабдықтар жиынтығын орнатумен бірлік маусымдық техниканы қайта жарақтандыру, сондай-ақ қар үйінділерінің орналасу орындарын келісу секілді жұмыстарды жүргізді. Көктайғаққа қарсы материалдар дайындалды. Жұмыстардың сапасы мен жеделдігін арттыру, сондай-ақ «Алматы Тазалық» МКК автопаркін жаңарту үшін 22 мамандандырылған техника сатып алынды. Тағы 10 бірлік жыл соңына дейін сатып алынады.

Айта кетейік, қалың қар жауған жағдайда қаланың құрылыс ұйымдары қосымша 150-ге дейін самосвалдар мен тиегіштерді, сондай-ақ 1000-ға дейін жұмысшыларды қамтамасыз етеді.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

# ТҰРҒЫНДАР БАСТАМАСЫ

## шаһарымызды шырайландыра түсті

**Алматыда азаматтық бастамамен Абай даңғылындағы аллея жаңартылып, көркейе түсті. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 3 шақырымдық аллея абаттандырылды.**

Айнабай МӘДИ

Тұрғыт Озал көшесінен Мұқанов көшесіне дейінгі ұзындығы – 2,6 шақырым, жалпы аумағы – 5,2 гектар болатын бөлігінен жолақта абаттандыру жұмысы аяқталды. Соңғы рет бұл жерде жөндеу 15 жыл бұрын жүргізілген. Биылғы мамырда Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев көріктендіру жобасымен танысқан. Әкім тапсырмасына сай, жаңғырту барысында сапалы материалдар қолданылды. Жол мен жаяу жүргіншіге арналған аймақты жайлы ету мақсатында ыңғайлы орындықтар, шамшырақтар мен берік жабын төселді.

Бұл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының жобасы тұрғындардың бастамасы мен біліктің қолдауы арқылы қаланы қалай өзгертуге болатынын, оны барлық тұрғындарға тартымды әрі жайлы ете алатынын көрсетті.

– *Әрқайсымыз «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына қатысу жайлы ойлануымыз керек. Бұл – қаланы көркейтуге үлес қосудың тамаша мүмкіндігі. Осындай жобалардың арқасында тұрғындардың идеясы шындыққа айналып жатқанын көріп отырмыз,* – деп, жобаның маңызын атап өткен сәулетші Владислав Филатов азаматтардың мұндай жобаға атсалысуы сапалы қалалық ортаны қалыптастыруға ықпал ететінін білдірді.

Көріктендіру аясында 7810 шаршы метр жаңа кеспетас төселіп, 4882 метр жиектас орнатылды. Бұл өзгеріс аллеяны көріктендіріп, жаяу жүргіншілерге ыңғайлы етті. Ұзындығы – 10 800 метр болатын су құбыры жасыл желекті суаруға арналған. 21 000 шаршы метр аумақ көгалдандырылып, 2500 бұта отырғызылды, 110 қоқыс жәшігі мен 150 жарықтандыру бағанасы орнатылды. Осылай жарақтау қауіпсіздік пен жайлылықты арттыры анық.

– *Қала тұрғындары мен қонақтарына ыңғайлы болуға түрлі демалыс аймағы қарастырылған. Аллея бойына орнатылған әлденеше әткеншек студенттер мен зейнеткерлерге таза ауада демалуға мол мүмкіндік бермек. Сондай-ақ, мұнда алты пергола, он жартылай шеңберлі орындық, үш бақбақ пішініндегі орындық, екі алтыбақан, сегіз біржақты және 75 жалғыз орынды орындық орнатылған, бұл қала тұрғындарына жайлы демалыс орнын құруға мүмкіндік береді,* – деді В.Филатов.

Осылайша көріктендіру жұмыстарының нәтижесінде жаңартылған аллея қаланың функционалды және эстетикалық бөлігіне айналды. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы тағы да қала тұрғындарының идеясы жүзеге асып, белсенді өмір салты мен демалысқа арналған сапалы қоғамдық кеңістіктер құруға ықпал ететінін дәлелдеді.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

# ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ХАС ШЕБЕРІ ЕДІ...



**Мен профессор, ҰҒА академигі Серік Пірәлиевпен 1991 жылы Қазақ КСР жоғары және арнайы орта білім министрлігінде таныстым. Сол кезде Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жаңадан құрылғалы жатқан кез еді. Серік екеуіміз бір көрісkеннен достасып кеттік.**

Оның себебі, бір жағынан жерлестігіміз болса, екіншіден, химия саласының маманымыз. Мен ол кезде Қарағандыда Ғылым академиясының Органикалық синтез және көмір химиясы институтының директоры, х.ғ.д., профессор, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесімін. Ашылғалы жатқан университеттің ректорлығына ұсынылып, оның қатарға қосылуына қажетті құжаттарды дайындау кезеңінде жүрген едім.

2003 жылы Серік Жайлауұлы қасиетті Түркістан қаласында орналасқан Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне президент болып тағайындалып, оқу ордасында да, ұжымда да беделі жоғары болып, жауапты қызметтер атқарды. 2008 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры болып тағайындалды. Мен ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті лауазымында едім. Серік Жайлауұлына ҰҒА-ның Қоғамдық және гуманитарлық бөлімшесіне төрағалық қызметті ректорлық жұмысымен қоса атқаруын ұсындым. Алдымен, ҰҒА президиумының шешімімен академияға құрметті мүше, одан соң корреспондент-мүше, сосын академик болып сайланды.

Академик Серік Жайлауұлы ҰҒА-ның ең ірі бөлімшесін өте жақсы басқарды. Жұмыс жайлы жиі кездесіп, ақылдасып отырдық. Ал енді Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы қызметінде педагогика ғылымына, әсіресе, бұл саланың жаңа инновациялық бағыттарына баса көңіл бөліп, оқу және тәрбие жұмыстарының сапасын ғылыми негізде жетілдірді. Көптеген ғылым кандидаттары мен докторларды дайындады. 300-ден астам ғылыми монографиялар, мақалалар мен патенттер шығарды. «Ерен еңбегі үшін», «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, көптеген республикалық және халықаралық сыйлықтардың иесі атанып, медальдармен марапатталды.

Серік Жайлауұлы нағыз ұстаз, парасаты мол, көркем мінезді, қайырымды, айналасына жайлы басшы, жұбайына адал жар, бала-шағасына мейірімді әке, немерелеріне сүйікті ата болды.

**Мұрат ЖҰРЫНОВ,
академик.**

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

# АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІ

**2-3 қарашада сағат 08.00-ден 17.00-ге дейін Алматыдағы Сәтбаев көшесінің бойымен Уәлиханов көшесі мен Достық даңғылы аралығында кеңейтілген ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді.**

Жәрмеңкеге Шығыс Қазақстан және Алматы облыстары ауылшаруашылық өндірушілері мен фермерлері қатысады. 50-ден астам өнім түрлері (ет және сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, ұн, жарма, өсімдік және жануар майлары және т.б.) қойылады.

Өнімнің жалпы көлемі 345 тоннаны құрайды, оның ішінде:

* Ет өнімдері – 70 тонна;
* Жеміс-көкөніс – 100 тонна;
* Сүт өнімдері – 80 тонна;
* Балық өнімдері – 5 тонна;
* Басқа да өнімдер – 90 тонна.

**Көлік иелерінің назарына:** ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізуге байланысты Сәтбаев көшесінің Уәлиханов көшесінен Достық даңғылына дейінгі бөлігі 1 қараша күні сағат 20.00-ден 3 қараша күнгі сағат 20.00-ге дейін жабылады.

Жәрмеңкені өткізу кезінде №45, №95 және №121 бағыттардың сызбалары өзгереді. Жабылатын учаскені айналып өту Абай даңғылы бойынша жүргізілетін болады.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

# БАЙҚАУҒА ҚАТЫС, БАҚ СЫНА!

## Алматы қаласында болашақ сәулетшілер мен дизайнерлерге арналған DESIGN REVIEW–2024 байқауы басталды

**Алматы қаласын дамыту орталығы ҚазБСҚА және «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институтының көмегімен 2024 жылдың 30 қазаны мен 30 қарашасы аралығында жалғасатын болашақ сәулетшілер мен дизайнерлер үшін DESIGN REVIEW–2024 байқауының басталғаны туралы хабарлайды.**

Байқауға қатысу – жоғарғы қабаттарға апаратын лифттері жоқ көптеген тұрғындар үшін, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қиындық тудыратын кеңестік дәуірдегі және кеңестік кезеңнен кейінгі үйлерде инклюзивті орта құрудың бірегей мүмкіндігі. Байқаудың мақсаты – өмір сүру сапасын жақсарту және барлық тұрғындардың, соның ішінде жүріп-тұруы шектеулі адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып, неғұрлым ыңғайлы және заманауи қала кеңістігін құру үшін осындай үйлерді қайта құрылымдау.

Байқауға қатысу үшін 6 қарашасына (қоса алғанда) дейін тіркелу қажет.

7–15 қараша аралығында DESIGN REVIEW–2024 тіркелген қатысушылары үшін Алматыбасжоспар ҒЗИ және ҚазБСҚА мамандары, сондай-ақ сәулет саласындағы шақырылған сарапшылар зерттеу әдістері мен кеңістіктік талдау бойынша шеберлік сабақтарын өткізеді (қатысушылар қалалық кеңістікті зерттеу әдістерін және дәл және тиімді дизайн шешімдерді тұжырымдауға мүмкіндік беретін проблемаларды анықтау); дизайн шешімдерді қалыптастыру (қатысушылардың дизайн жобаларды құру және оларды нақты жағдайларда сынау дағдыларын дамыту); сәулеттік презентация әдістері (қатысушылар өз жобаларының презентацияларын жасауды үйренеді, соның ішінде сторителлинг әдістері және тұжырымдаманы клиент үшін креативті тану).




Қатысушылардың байқау жұмыстары 28 қарашаға (қоса алғанда) дейін тапсырылуы тиіс. Міндетті талаптарға таңдалған нысанның негіздемесі мен талдауы, ғарыштық жоспарлау шешімінің болуы, сызбалар мен визуализациялар және т.б. кіреді. Шарттардың толық тізбесі Байқау туралы ережеде Алматы қаласын дамыту орталығының сайтында берілген.

29-30 қараша аралығында қатысушылар «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институты, ҚазБСҚА мамандары және шақырылған сәулетшілер мен урбанистерден тұратын комиссияға конкурстық жұмыстарын ұсынады. Презентациялар қорытындысы бойынша ақшалай сыйлыққа ие болатын үш жеңімпаз анықталады: 1-орын – 300 мың теңге, 2-орын – 200 мың теңге, 3-орын – 100 мың теңге.

«Байқаудың негізгі идеясы – қызықты бастамалар мен шешімдерді әзірлеу арқылы ерекше қажеттіліктері бар адамдарға тең, кедергісіз қолжетімділік қағидатын қамтамасыз ету. Қатысушылардың ең үздік байқау жұмыстары болашақта жеке тәжірибе болып қалмай, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға әлеуметтік көмек пен қолдау жүйесін реттейтін нормативтік актілерде ескеріледі, әлеуметтік қызметтер мен бизнес қауымдастығына ұсынылады», – деп мәлімдеді «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Жанар Габдуллина.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

**ҚР Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитеті:**

# АЛМАТЫДАҒЫ ЗАМАНАУИ МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

## халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тегін қызмет көрсететін болады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңның субъектілері әлеуметтік-мәдени объектілерді салуға қатысуы қажеттігін атап өткен еді.**




Активтерді қайтару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар аясында тізілім субъектілерімен 12 млрд теңгеге әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша 4 келісімге қол қойылды.

Солардың бірі – Алматы қаласында заманауи мәдениет орталығын салу жобасы болып табылады. Оның ауданы үш мың шаршы метрден асады және арнайы залдар мен әмбебап көрме алаңдары, білім беру және демалыс орындарын қамтиды. Нысан іске қосылғаннан кейін жыл сайын халықтың әлеуметтік осал топтарынан келушілерге тегін репетициялар мен шеберлік сабақтары өткізілмек.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР БП Активтерді қайтару жөніндегі комитетінің баспасөз орталығы).**

РУХАНИЯТ

# «ҰЛТТЫҚ КІТАП» ЖОБАСЫ

## Байқауға жұмыстар 2025 жылғы 15 қаңтар – 1 сәуір аралығында қабылданады

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, елімізде алғаш рет республикалық «Ұлттық кітап» байқауы өтеді.**

Қазақстанда Үкімет Қаулысымен 23 сәуір – «Ұлттық кітап күні» мерекесі ретінде бекітілді. Бұл мерекелік дата Мемлекет басшысының қоғамда жоғары кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында үшінші Ұлттық Құрылтайдың негізгі отырысында берген тапсырмасына байланысты пайда болды.

«Ұлттық кітап күні» мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Ұлттық кітап» байқауын жариялады. Байқаудың негізгі мақсаты – кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, үздік авторларды анықтап, қазақ әдебиетінің, руханиятының дамуына ықпал ету. Аудармашыларды, баспагерлер мен кітап дизайнерлерін қолдау және ынталандыру. Байқауға жұмыстар 2025 жылғы 15 қаңтар – 1 сәуір аралығында қабылданады. Конкурсқа кейінгі екі жылда жарық көрген туындылар қабылданады. Қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін түскен жұмыстар тіркелмейді.

Байқау келесі 10 номинация бойынша өтеді: Балаларға арналған үздік кітап; Үздік комикс; Нон фикшн бағытындағы үздік кітап; Детектив жанрындағы үздік кітап; Сатира жанрындағы үздік кітап; Үздік иллюстрациялық кітап; Үздік аударма кітабы; Фантастика жанрындағы үздік кітап; Үздік баспа; «Жыл кітабы» Гран-при сыйлығы.

Байқауға қатысатын жұмыстардың көркемдік деңгейі, тіл тазалығы, сөздік қоры, өзіндік стильдің болуы, тақырып өзектілігі, мазмұн тереңдігі, тарихи әділдігі, өндірістік сапаның жоғары болуы, дизайнерлік жұмыстың жоғары болуы сияқты критерийлерге сәйкес келуі керек.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

НАРЫҚ

**Алматы – Қазақстанның ең ірі қаласы және экономикалық орталығы ретінде халық тығыз орналасқан өңір. Оның базарлары – тек азық-түлік пен тауарларды сатып алудың орны ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік-экономикалық ахуалын көрсететін алаң. Бірақ соңғы уақытта Алматы базарларында бағалардың тұрақсыздығы байқалуда. Бұл мәселенің түп-тамырына үңілудің өзі көптеген факторларды қамтиды.**

Ернұр РЫСБАЙ



# БАҒА ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

## күрделі және көпфакторлы мәселе

Бұл жөнінде Парламент мәжілісінің VIII шақырылым депутаты Анас Ахатұлы сөз қозғаған болатын.

*«Бүгінде қазақстандықтар тапқан табысының 60%-ын азық-түлікке жұмсайды. Еуропаның дамыған елдерінде бұл көрсеткіш 11–35% аралығында. Санкцияның астында қалған ресейліктер Қазақстанға қарағанда азық-түлікке екі есе аз шығындалады. Бір қызығы, азық-түлік бағасы қымбат болса да, соны қалаға жеткізіп отырған ауыл азаматтары, кәсіпкерлері мен шаруалар еш байып отырған жоқ. Себебі, пайданың бәрі базарды, дүкен мен сауда орталықтарын торлаған делдалдардың қалтасына түсіп отыр»,* – деді ол.

**Дәурен КЕНЖЕБЕКОВ, экономист:**

### Маусымдық баға

Алматының базарларындағы бағаның тұрақсыздығына әсер ететін басты фактор – сұраныс. Базардағы азық-түлік пен бағасы нарықтық принциптер бойынша анықталады. Егер сұраныс артып, ұсыныс төмендесе, баға көтерілетін болады. Мысалы, маусымдық өнімдер – көкөністер мен жемістер – күзде көп өндірілген кезде арзан болып, ал көктемде тапшылыққа ұшыраған кезде, олардың бағасы күрт жоғарылайды. Логистика мен тасымалдау шығындары да бағаның ауытқуына әсер етеді. Алматының географиялық орналасуы өнімдерді жеткізуге байланысты көптеген қиындықтарды туындатады. Қалаға басқа аймақтардан келетін өнімдердің бағасы тасымалдау шығындарына байланысты көбейеді. Мәселен, егер жолдардағы жөндеу жұмыстары немесе ауа райының қолайсыздығы тасымалдау уақытын ұзартса, бұл өнімнің бағасын да арттырады.

### Әлемдік нарық

Алматы базарларындағы баға тұрақсыздығына валюталық курстардың өзгеруі әсер етеді. Қазақстанның экономикасы әлемдік нарыққа тікелей тәуелді. Валюталық бағамның құбылуы импорттық тауарлардың бағасына тікелей ықпал етеді. Мысалы, егер доллар бағамы көтерілсе, шетелден әкелінетін азық-түлік бағасы да көтеріледі. Бұл жағдай, әсіресе, импорттық азық-түліктер мен тұрмыстық заттар үшін өте өзекті. Базардағы сауда мәдениеті мен әлеуметтік факторлардың баға тұрақтылығына әсері зор. Алматының базарлары көбінесе жекелеген кәсіпкерлердің иелігінде болғандықтан, олардың жеке саясаттары мен сауда әдістері баға белгілеуге ықпал етеді. Кейде базардағы сатушылар бәсекелестік жағдайында бағаны төмендетуге, ал кейде жеке пайда алу мақсатында қымбаттатуға тырысады. Осылайша базардағы бағалар көбіне нарықтық тұрақтылықтан тыс, субъективті факторларға негізделеді.

### Тауар тапшылығы

Халықтың сатып алу қабілеті де бағаның өзгеруіне себеп болады. Экономикалық қиындықтар, жұмыссыздықтың өсуі және инфляция халықтың тұтыну деңгейін төмендетеді. Егер халықтың сатып алу қабілеті төмендесе, базарлардағы бағаның төмендеуі мүмкін. Алайда, бұл жағдай көп уақытқа созылмайды, себебі тауар тапшылығы немесе нарықтағы басқа да өзгерістер қайтадан бағалардың көтерілуіне себеп болады.

**ТҮЙІН:**

**Алматы базарларындағы бағалардың тұрақсыздығы – бұл күрделі және көпфакторлы мәселе. Оны шешу үшін тек нарықтық механизмдер ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік реттеу, агроөнеркәсіптік саясатты жақсарту және логистиканы дамыту қажет. Базарлардағы бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, өндіріс пен өнімдерді жеткізуді тиімді басқару маңызды. Тек осындай кешенді шаралар арқылы ғана Алматы базарларындағы бағалардың тұрақтылығына қол жеткізуге болады.**

ӨНЕРКӘСІП

# ЖАБДЫҚТЫ САТЫП АЛУ

## егжей-тегжейлі әзірлікті керек етеді

**Өңірлік кәсіпкерлер палатасында өткен семинарда өнеркәсіптік өндіріс саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлердің өнеркәсіптік жабдықтарды сатып алудағы шығынын өтеу тетігі талқыланды.**

Іс-шара өз шығынын оңтайландыру мен өндіріс тиімділігін арттыруға мүдделі түрлі кәсіпорындардың өкілдері жиын барысында мемлекеттік қолдау тетіктеріне ерекше назар аударды. «Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ бизнесті ынталандыру дирекциясының басшысы Арыстанбек Сағиев бағдарлама туралы толық ақпарат бере келе, кәсіпкерлердің жабдық, монтаждау мен іске қосу құнының 40-тан 60%-ына дейін өтемақы күте алатынын айтты. Әлбетте, бұл жағдай бизнеске қаржылық жүктемені айтарлықтай төмендететіні сөзсіз.

*«Сарапшы мамандарды тартуға 5 миллион теңге көлемінде шығынды өтеу бар. Бұл – бір реттік өтемақы. Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру мақсатында қолдау мөлшері 40%-ды құрайды. Бірақ, бұл ретте бір қаржы жылында ең жоғарғы сома 60 миллион теңгені құрайды. Бүгінде 1 миллиард теңгеден астам сомаға өтінім мақұлданды. Соның 70 пайызына технологиялық жабдыққа жұмсалған шығын өтеледі.*

*Сол секілді, монтаждау мен іске қосу-жөндеу жұмысы, инженерлік-конструкторлық әзірлеме, технологиялық, энергоаудит бар. Іске қосу-баптау жұмысы мен монтаждау кезіндегі өтем орындалған жұмыс актісіне қол қойылған күннен бастап есептеледі. Ал егер жабдықты сатып алу туралы сөз болса, ол соңғы төлем жасалған күннен есептеледі»,* – деп түсіндірді «Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ бизнесті ынталандыру дирекциясының басшысы Арыстанбек Сағиев.

Әрине, бұл бастама отандық өндірушілерді қолдауға, өнеркәсіп секторының өсуін ынталандыруға бағытталған. Семинарға қатысушылар белсенді түрде сауал жолдап, жұмыс барысын жақсарту мүмкіндігін талқылап, өзара тәжірибе алмасты. Жасалған қорытынды мен алынған білім кәсіпкерлерге өз кәсіпорнын тиімдірек дамытуға, жаңа технологияны өндіріске енгізуге көмектеседі деген сенім мол.

**Семинарға қатысқандар шығынды өтеу тетігін қолдануға қажетті бірнеше негізгі шарт жөнінде ақпар алғанын айтуға тиіспіз. Бұл ретте алдымен жабдықтар міндетті түрде сертификатталған болуы міндетті. Бұл жағдай өндірістік жоғары сапа мен қауіпсіздік стандартын қамтамасыз етуде маңызға ие.**

**Оған қоса, бағдарламаға қатысу үшін кәсіпорындар белсенді өндірістік қызметті жүргізіп, растайтын құжаттарды (бұл сатып алу-сату шарты, жұмыс не қызмет көрсету актісі болуы мүмкін) ұсынуға міндетті.**

**Басқосу барысында өтініш беру тәртібі де егжей-тегжейлі талқыланып, түсіндірілді. Бұл өзі кәсіпкерлік барысына дайындыққа дұрыс бағыт-бағдар берген басқосу-жиын болды.**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБ

# БЕЙНЕ ӨНІМДЕР

## 3D форматына түрленеді

**Корея кәсіпкерлері қазақстандық кәсіпкерлерге ұсынған жаңа бизнес-жобада кез келген бейне өнімді 3D форматына түрлендіреді.**

Идея Алматы қаласының «Атамекен» палатасында ұсынылған. KNJ корей компаниясының өкілдері қалалық Кәсіпкерлер палатасына Қазақстандағы медиа және ойын-сауық нарығын айтарлықтай өзгерте алатын бірегей ұсыныспен жүгінді. Бұл жоба кез келген бейне өнімді 3D форматына түрлендіре алады. Бұл технология әлемде танымал бола бастады.

Жоба көрерменнің мазмұнға тереңірек енуіне мүмкіндік бермек. South Korea осындай технологияны табысты іске асыруда. Бейнені 3D форматына түрлендіру – қарапайым екі өлшемді кескінді талдап, оның үш өлшемді моделін жасайтын күрделі алгоритм мен бағдарламалық жасақтаманы қолдануды қамту.

Бұл технология тек кино және теледидар саласында ғана емес, сонымен қатар білім беруде, жарнамада, тіпті медицина саласында да сұранысқа ие.

Корей бизнесмендері ұсынысының негізгі аспектісінің бірі – қазақстандық әріптестерін 3D көшіру технологиясына үйрету. KNJ-мен ынтымақтастық Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы мәдени алмасуға катализатор болады. Осы ынтымақтастық аясында әзірленген жоба екі халықтың мәдениет байлығын көрсете алады. Бейне өнімді 3D форматына ауыстыру жобасы халықаралық инвестицияны тарта алады. Бұл ретте Қазақстан Орталық Азиядағы технологиялық хаб ретінде қарастырылады. Бұл өз кезегінде бизнес пен стартапқа қолайлы жағдай туғызады.

ӨНДІРІСТІК ЖЕЛІ

# ЖАПОНДАР ИНВЕСТИЦИЯ САЛУҒА НИЕТТІ

**Алматыда кофе-машинеге арналған алюминий кофе капсуласын өндіретін «ТАМА Caps» ЖШС заңды түрде тіркеліп, жұмысын жалғастыруда.**

Өндіріс серво пресс қағидатымен жұмыс істейтін арнайы патенттелген жабдықта іске асырылады. Бір өндірістік желіде екі қондырғы қолданылады. Біріншісі, алюминий фольгадан капсуласын басып шығарса, екіншісі дайын капсуланы тығыздап бекітеді. Компания қаржылық мүмкіндігіне сүйене келе, зерттелген нарық пен өнімге деген қажеттілікті қанағаттандыруға тырысуда. Сондай-ақ, сату нарығын зерделеп, инвестор екі өндірістік желіні орналастыруды жоспарлап отыр. Енді әзірленген өнімдер ЕАЭО кәсіпорындарына сатылады деп күтілуде. Келешекте компания өнімдері отандық нарықтан асып, алыс-жақын шет елдерге импорттталмақ. Инвесторлар тобы жобаға 1 млрд 600 млн теңгеден астам инвестиция салуға ниетті екенін білдірді.

*– Біз Алматы қаласы әкімдерімен, «Атамекен» басшылығымен, Алматы облысының даму орталығының өңірлік өкілдерімен кездесу өткіздік. Нәтижелі боларына сенімдіміз. Жапондық инвесторлар тобы өнеркәсіпке инвестиция салу арқылы Қазақстан экономикасын дамытуға мүдделі. Біз толық кеңес алдық, өзімізді де, жапон жағын да таныстырдық. Мен Жапон компаниясының Алматыдағы, сондай-ақ Қазақстандағы уәкілі ретінде қызмет атқарамын,* – деп түсіндірді «ТАМА Caps» ЖШС директоры Ерлан Таласбаев.

Әзірлеген Айнабай МӘДИ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

# АЛМАТЫНЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАСЫ

## Қазақстанның және Орталық Азияның негізгі көлік хабтарының бірі

**Ел экономикасының даму деңгейіне елеулі әсер ететін маңызды саланың бірі – көлік-логистика саласы.**




Коллажды жасаған Нұрбосын ӘРІСҰЛЫ.

**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Қазіргі таңда Қазақстан мен көршілес елдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстар нығайып келеді. Бұл бағытта көлік-логистикасы дамуының орны ерекше. Аталмыш саланың халықаралық қатынастарда һәм мемлекеттер арасындағы жүк тасымалының артуына, экономикалық ынтымақтастықты нығайтып, сауда көлемінің өсуіне ықпалы зор.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында аталмыш салаға ерекше тоқталып: «Көлік-логистика секторын дамыту – стратегиялық мәні айрықша басымдық. Еліміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Бұл – бізге әлемдік бәсекеде зор мүмкіндік беретін артықшылық. Сондықтан көлік инфрақұрылымына салынып жатқан әрбір инвестиция өзін-өзі ақтайтыны сөзсіз.

Біз кейінгі ұрпаққа жоғары сапалы авто және теміржолдарды қалдыруымыз керек. Сондай-ақ, тиімді жұмыс істейтін әуе хабтарын, теміржол бекеттері мен теңіз порттарын салуымыз қажет. Бұл ретте бірқатар кешенді мәселені шешкен жөн. Теміржол саласында реформа жасау үшін тариф жүйесі қайта қаралуы керек. Бұл – айдан анық нәрсе. Жаңа тарифтер теміржол желісін қалыпты жағдайда сақтауға және оның тасымал қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. «Қазақстан темір жолы» компаниясы үш ірі инфрақұрылымдық жобаны қолға алды, яғни теміржол салып жатыр. Оның жалпы ұзындығы мың шақырымнан асады. Бұл жобалар бекітілген мерзімде және өте сапалы іске асырылуға тиіс» деп атап өткен болатын.

### Алматы – халықаралық деңгейдегі заманауи қала

Алматының көлік-логистикасы – Қазақстанның және Орталық Азияның негізгі көлік хабтарының бірі. Алып шаһар өзінің экономикалық-географиялық һәм стратегиялық орналасуымен ерекшеленеді және Еуропа мен Азия арасындағы маңызды транзиттік орталық рөлін атқарады. Оның тиімді инфрақұрылымы мен көлік дәліздері қалаға халықаралық және аймақтық сауда-саттық байланыстарын нығайтуға көмектеседі.

Алматы мемлекетаралық және республикалық транзиттік магистральдарда орналасқан. Мегаполистің қала маңы аймағында елордамыз Астана қаласымен, облыс орталықтарымен, таяу және алыс шет елдермен байланыстыратын тұрақты әуе және теміржолдары бар.

Ғаламтор бетінде жарияланған ақпарат көздерінің деректеріне сүйенсек, өткен жылы қалада қаңтар-қазан айларында қойма және көлік саласына салынған инвестициялар 1,1 трлн теңгені құраған екен. Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда құндық мәнде 11,6%-ға артық (нақты көлемнің өсімі 8,5%-ға көп). Ал 2021 жылдың ұқсас кезеңінде секторға салынған инвестиция 978 млрд теңгені құраған. Демек, бір жылда 1,9%-ға артқан. Байқағанымыз, өңірлік бөліністе көлік-логистика секторындағы инвестициялардың ең көп көлемі – Алматыда. Онда көрсеткіш – 155,2 млрд теңге, жылдық өсім құндық мәнде бірден 45,2%-ға көбейген.

Алматының көлік инфрақұрылымының дамуы – әуе, автомобиль, теміржолымен, сонымен қатар логистикалық орталықтар секілді негізгі бағыттарда жүзеге асады.

### АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫ: Транзиттік жүк тасымалына қолайлы

Мегаполис – еліміздің барлық аймақтарына шығатын бірнеше ірі автокөлік жолдары бар, сонымен қатар көршілес елдермен де көлік қатынасын қамтамасыз етеді. Бүгінде шаһардың қала маңы аймағының аумағымен Алматы – Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық автодәлізі транзитпен өтеді. Бұл жүк тасымалы мен туристік ағымдарға өте қолайлы.

Соңғы жылдары Алматыда көлік-логистика саласында халықаралық деңгейдегі ауқымды жобалар жүзеге асты. Мәселен, өткен жылы Алматының қала маңы аймағында ұзындығы 66 шақырымды құрайтын, екі жағы да үш жолақты, жылдамдық шектеуі сағатына 120 шақырымды құрайтын, бірінші санаттағы Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (ҮАААЖ) қолданысқа берілді. Бүгінде үлкен жолдың игілігін мегаполис пен қала маңындағы елдімекендердің тұрғындары ғана емес, сонымен қатар, халықаралық транзиттік тасымалдаушылар да көріп отыр. Олай деуімізге себеп бар. Мәселен, бұрын жүк тасымалдаушылары Алматы арқылы өту үшін сағаттап кептелісте тұратын. Ал қазір бір сағатқа жетер-жетпес аз уақыт ішінде қаланы айналып өтіп, кез келген қажетті қалааралық немесе халықаралық бағыт бойынша сапарын жалғастыра береді.

Ел аузында БАКАД аталып кеткен айналма жол – Алматы мен қала маңындағы көлік жүктемесін азайтты, транзиттік көліктер қалаға кірмей жүруге мүмкіндік алды, қала экологиясын жақсартуға септігін тигізіп отыр.

КЕРЕК ДЕРЕК

**Соңғы 15 жылда Қазақстанның көлік саласын дамытуға 35 миллиард долларға жуық инвестиция салынған.**

### ӘУЕЖАЙ: Ірі көліктік-логистикалық хаб

Алматы халықаралық әуежайы – Қазақстандағы ең үлкен әуежайлардың бірі және халықаралық жүк тасымалын дамытудың негізгі нүктесі. Ол көптеген халықаралық рейстерді қабылдап, жүктерді әлемнің түкпір-түкпіріне жеткізуге мүмкіндік береді.

Мегаполистің әуе саласы қызметінде де жағымды жаңалықтар бар. Мәселен, биыл құрылысы 2021 жылы басталған Алматы әуежайының жаңа терминалы пайдалануға берілді. Жаңа терминалдың ашылуы ел Президентінің тапсырмасын жүзеге асырудағы стратегиялық маңызы зор кешен екені сөзсіз. Шаһар басшысы Ерболат Досаев компания басшылығымен кездесуде Алматының дамуы әуежайдың жағдайына, оның инфрақұрылымына, сервис деңгейі мен ыңғайлылығына тікелей байланысты екенін тілге тиек етіп, кешеннің барлық халықаралық стандарттарға сәйкес заманауи терминал болуы тиіс екенін айтқан болатын.

Толығымен инвестиция есебінен бой көтерген кешен биыл жазда алғашқы рейстерін қабылдап, халықтың ризашылығына бөленді. Аумағы 53 мың шаршы метрді құрайтын кешенде 7 телескопиялық трап, 50 тіркеу тірегі, 6,2 мың багажды өңдеуге арналған 4 лента қарастырылған. Бүгінде жаңа терминал жылына 14 млн жолаушыны өткізуге қабілетті. Алдағы уақытта әуежайдан 10 елге 15 халықаралық маршрут бойынша отандық және шетелдік компаниялар қатынайды. Сонымен қатар, бүкіл Орталық Азиядағы көліктік-логистикалық хаб ретіндегі позициясын нығайтады.

### ТЕМІРЖОЛ: халықаралық бағыттағы маңызды сала

Алматы – Қазақстанның басты теміржол торабы болып табылады. Қала арқылы Қытай, Ресей және Еуропа елдерімен байланыстыратын маңызды теміржол бағыттары өтеді. Алматыдағы «Алматы-1» және «Алматы-2» вокзалдары Қазақстанның теміржол жүйесіндегі маңызды рөлге ие.

Соңғы жылдары қала аумағы ұлғайып, мегаполиске бірнеше елдімекендер қосылып жатқаны белгілі. Мамандардың дерегінше, Алматының қазіргі аумағы 70 мың 250 гектар. Тиісінше халық саны көп, көлік жүктемесі де аз емес. Қала әкімдігі үшін мегаполис агломерациясын дамыту – басты міндет болғандықтан, Алматыға үшінші вокзал салу жоспарда бар. «Алматыбасжоспар» институтының ғылыми-зерттеулер бөлімінің басшысы Жанат Айтілеудің айтуынша, биыл жаңа кешеннің техника-экономикалық негіздемелері қолға алынып, келесі жылы вокзалдың құрылыс жобасы жасалады. Бекітілгеннен кейін жұмыс басталады. Батыс-солтүстік аймағында «Алматы-3» темір жол вокзалын салу шешім қабылданды. Жолаушылар қабылдайтын жаңа терминал Алатау ауданы «Мәдениет» шағын елдімекенінде салынады деп көрсетілген. Мамандар бұл қаланың батыс бөлігінде тұратын жолаушылар үшін ыңғайлы болатынын айтып отыр. Өйткені, шеткі аймақтағылар үшін қазіргі теміржол вокзалдары алыс болып тұр.

Бүгінде Алматыдағы теміржол торабының жалпы ұзындығы – 69 шақырым. Ол торапқа «Алматы-1» және «Алматы-2» бекеттерін қоса алғанда, барлығы тоғыз станса кіреді.

### ОРТАЛЫҚТАР – жүк тасымалын басқару жүйесін жақсартады

Алматы аумағында бірнеше ірі логистикалық орталықтар мен қойма кешендері бар. Олар жүк сақтауды, сұрыптауды және тасымалдауды жеңілдетеді. Бұл орталықтар Алматының халықаралық логистикада тартымдылығын арттыруға көмектеседі. Технологиялар үздіксіз дамып жатқан заманда қай саланың болмасын сандық жүйеде жұмыс істеуі маңызды. Бұл ретте Алматы көлік логистикасында заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізу жұмыстары қарқынды жүзеге асуда. Мұндай жаңашылдық тиімділік пен жылдамдықты арттырады, шығындарды азайтады, сондай-ақ жүк тасымалын басқару жүйелерін жақсартады.

Алып қаланың логистикасы тиімді десек те, көлік кептелісі, экологиялық проблемалар және инфрақұрылымның жетілдіру қажеттілігі сияқты мәселелер қалада әлі де кездеседі. Қала билігі бұл мәселелерді шешу үшін көлік инфрақұрылымын жаңғырту, экологиялық таза көлік түрлерін қолдау және логистиканы цифрландыруды дамыту бойынша шаралар қабылдап жатыр.

Алматының көлік-логистикасы ел экономикасын дамытуға үлкен үлес қосып, Қазақстанды халықаралық көлік-логистикалық жүйелерге интеграциялау мақсатында дамып келеді.

### ТҮЙІН:

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында көлік-логистика саласы еліміздің экономикалық дамуының локомотивтерінің бірі болуға тиіс екенін атап өткен болатын. Ал Алматы үшін еліміздің транзиттік қуатын арттыру – стратегиялық маңызы зор міндет болып қала бермек.**





Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

# «ТҮРКИЯДАН НОТАЛАР»

**Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік академиялық филармониясында әйгілі флейташы Лейла Байрамоғуллары мен композитор әрі пианист Ахмет Саит Карабұлуттың шығармашылық кеші өтті.**

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

## Алматыда түрік өнерпаздарының концерті өтті

Мәдени шара Түркия Республикасының құрылғанына 101 жыл толуына орай ұйымдастырылды. 29 қазан – Түркия Республикасының ұлттық мейрамы. 1923 жылы дәл осы күні Түркия Республика болып жарияланды. 1920 жылы 23 сәуірде грек-түрік соғысы кезінде құрылған Ұлы ұлттық жиналыс Түркияны Республика ретінде жариялаған болатын. Бірақ 1923 жылға дейін ресми түрде мойындалған жоқ.

Мерекелік концертті Түркия Республикасының Алматы қаласындағы бас консулдығы мен Түрік-Қазақ іскер адамдар қауымдастығы ұйымдастырды. Кеш қонақтарының қатарында Бас консул Эврен Мүдеррисоглу мен қала тұрғындары және Алматыда тұратын түрік ағайындары да болды. Түрік классикалық музыкасын тыңдап, бауырлас елдің мәдениетімен танысты.

«Ежелгі мәдениетімізден өмірге келген түрік-қазақ халықтарының достығы мен бауырластығы қоғамның барлық саласында да нығаюда. Мәдени және әлеуметтік іс-шаралар санын одан әрі арттыруға тырысамыз. Республика күніне орай Анталия мемлекеттік симфониялық оркестрінің орындаушысы Лейла Байрамоғуллары мен Анталия мемлекеттік опера және балет театрының әртісі, пианист Ахмет Саит Карабұлуттың концерті Алматыда өткеніне қуаныштымыз. Осылайша танымал түрік композиторларының шығармаларын тыңдауға мүмкіндік алдық.

Республикамыздың негізін қалаушы, ұлы көсем Ататүріктің музыка саласындағы зерттеулері полифониялық, классикалық музыканы дамытудағы маңызды қадам екенін айтқым келеді», – деді Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Эврен Мүдеррисоглу.

### «АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

***Флейташы Лейла Байрамоғуллары Измир мемлекеттік консерваториясының флейта бөлімінде оқыған. Кейін Германиядағы Фольскванг өнер университетінде магистр дәрежесін алған. 2014 жылы Мимар Синан атындағы өнер университетінің түлегі ретінде докторлық диссертациясын қорғайды. Германияда білім алып жүріп, музыкалық мектептерде флейта мұғалімі болып жұмыс істеген. Өзі қатысқан шеберлік сабақтарында әлемнің ең үздік флейташыларымен де жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Халықаралық байқаулардың жеңімпазы, әлемнің әйгілі сахналарында өнер көрсеткен. «Флейта Ханшайымы», «Жүректерді елжірететін флейташы», «Флейтамен өлең оқитын суретші» деген атақтары бар.***

***Ал Ахмет Саит Карабұлут 1987 жылы Измир қаласында дүниеге келген. 1997 жылы фортепиано аспабы бойынша білім алады. 2002 жылы Dokuz Eylül Üniversitesi мемлекеттік консерваториясында фортепиано бойынша емтихан тапсырып, сол жерде білім алады. 2012 жылы Италияның Сицилия аралының Трапани қаласында өткен Focus Jazz & Movie Music фестиваліне Түркиядан шақырылған композитор ретінде қысқаметражды фильмдердің біріне музыка жазып, тұсаукесерінде орындады. 2013 жылы Анкара мемлекеттік опера және балет театрының бас дирекциясында өткен штаттық емтихандарда тұрақты оркестр пианист ретінде жұмысын жалғастыруда. Осыған дейін әлемнің әртүрлі елдерінде жеке концертін өткізді. Сонымен қатар, ол көптеген этникалық (түрік, босниялық, грек халық музыкасы), джаз, латын және фламенко шығыс музыка оркестрлерімен бірге өнер көрсетті.***

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

# ӨЗ ДӘУІРІНІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

## Шериаздан Елеукенов тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылды

**Кеше қазақ мәдениетінің жанашыры, әдебиеттанушы-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шериаздан Елеукенов тұрған үйдің қабырғасына мемориалдық тақта орнату салтанаты өтті. Мәдени іс-шараға зиялы қауым өкілдері, ғалымның әріптестері мен шәкірттері, жақындары мен ұлы қатысты.**






Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Бүгін – ерекше күндердің бірі, қазақ әдебиетінде өз орны бар Шериаздан Рүстемұлы ағамыздың құрметіне орнатылған ескерткіш-тақтаны ашқалы отырмыз. Бұл кісі еңбекқорлығымен, өз дәуірінің ірі тұлғасы болуымен ерекшеленетін. Әр демалысында бір мақала жазуды әдетке айналдырғаны бізге мәлім. Ағамыз осы үйде өмір сүріп, осында өз ғұмырын аяқтады. Алматы қаласындағы Абай мен Гагарин даңғылдарындағы «Баспалар үйін» алғаш салуды қолға алып, оны соңына дейін жеткізіп, жүйелі түрде іске қосқан еді. Сонымен қатар, Шериаздан ағамыз ең алғашқы кітап музейін ұйымдастырған. Мен осы музейде оның қасында алғаш жұмыс істеп бастаған едім. Ғылымға ол кісі ерекше ықыласпен, жылдам келді. Онымен әр әңгімелескен сайын оның өмірлік тәлімін терең түсінетінбіз. Ол кісіге барған сайын үстел үстінде «Егемен Қазақстан» газетінен бастап барлық басылымдарды үнемі байқайтынбыз», – деді М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов.

Шериаздан Рүстемұлы саналы ғұмырын ғылымға арнап, көптеген, ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар жазды. Ғалым қазақ әдебиетінің классиктерін зерттеумен ғана емес, қазіргі әдебиет мәселелеріне де ерекше мән беріп, өз еңбектерінде жаңаша ой-пікірлер ұсына білген. Сонымен қатар, ол жас ғалымдарға үлгі көрсетіп, көптеген шәкірт тәрбиелеген ұстаз ретінде де танымал.

– Әкеме осындай құрмет көрсетіп, оның өмірі мен еңбектері жайлы естеліктерімізбен бөлісіп жатқан әрқайсыңызға шын жүректен алғыс айтамын. Осы ескерткіш-тақтаны орнатуға қолдау көрсеткен Алматы қаласының әкімдігіне ризашылығымды білдіремін. Әкем бұл үйде 30 жылдай өмір сүріп, бар қажыр-қайратын ел игілігіне арнады. Ол кісіні елге сыйлы, құрметті адамдар жиі іздеп келіп, бұл шаңырақ әрдайым қадірлі қонақтарға толы болатын, – дейді әдебиетші-ғалымның ұлы Дастан Шериазданұлы.

Салтанатты рәсім барысында сөз сөйлеген әріптестері Шериаздан Елеукеновтің әдебиет, мәдениет және ғылым саласындағы ерекше еңбегін атап өтті. Оның сан қырлы қызметі мен қазақ әдебиетінің дамуына қосқан зор үлесі туралы жылы лебіздер айтылды. Шериаздан Рүстемұлының ғылыми еңбектері мен артында қалдырған мұрасы Қазақстанның әдебиеттану және филология саласында маңызды рөл атқарып келеді.

Мемориалдық тақтаның ашылуы – ғалымның есімін мәңгі есте қалдыруға және оның еңбегін жас ұрпаққа таныстыруға жасалған үлкен қадам деп білеміз.

**Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.**

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

# «ҰҚСАЙСЫҢ МЕНІМЕНЕН БІР ТУҒАНҒА...»

## Алматыда Жәркен Бөдешұлын еске алу шаралары өтті




**Жәркен Бөдешұлының есімі қазақ поэзиясында алтын әріптермен таңбаланғаны даусыз. Ол сондай-ақ, қазіргі заманғы қазақ әдебиетінде «жырау» атанған жалғыз қаламгер деуге де болады. Даңқты ақын арамызда болса, биыл 80 жасқа толар еді. Осы аптада Алматыда Жәркен Бөдешұлын еске алу шаралары кең көлемде аталып өтті. Шараларға Алматы қаласы Мәдениет басқармасы айрықша қолдау көрсетті және Қазақстан Жазушылар одағы бас болып ұйымдастырды.**

Естай
БОЖАН



28 қазан күні даңқты жырауды еске алу шаралары Жәркен Бөдешұлына арналған ескерткіш-тақта қоюдан басталды. «Құлагер» ықшамауданында Жәркен Бөдешұлы тұрған үйге орнатылған ескерткіш-тақтаны ашуға біркатар қаламгер қауым жиналды. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, белгілі ғалым Әлімғазы Дәулетхан, ақын Қасымхан Бегманов бастаған қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдері Жәркен жырауды еске алу сөздерін сөйледі.

Мәдени шара түстен кейін «Алатау» дәстүрлі өнер театрындағы Жәркен Бөдешұлы шығармаларына арналған кешке ұласты. «Ұқсайсың меніменен бір туғанға» деп аталатын әдеби-сазды кеште ақынның сөзіне жазылған әндер шырқалып, жауһар жырлары оқылды. Алыс жуықтан келген әдебиетсүйер қауым, ақынын сағынан туған жерден жеткен ағайын-туысы театр залын толтырып, тағдырлы ақынның әдеби өмірі жалғасып жатқанын анық аңғартты. Кеш соңы Жәркен жырауды еске алу арналған салтанатты отырыспен жалғасты. Онда ақынның тағдырлас серіктері, қаламдас достары, замандас әріптестері естеліктерін ортаға салды. Қазақстан Жазушылар одағы ақынның жарына құрмет көрсетті.

Айта кетейік, Жәркен жырау өзінің туған жер тақырыбындағы сағынышқа толы сарқаймақ жырларымен айрықша ерекшеленеді. Оның кейбір өлең жолдары ел аузында тұрақты сөз тіркестеріне айналып кеткен. Айталық, «Жұлдызға орнын Ай бермес, қанша жарық болса да» дейтін немесе «Қара жер құнарлылығы үшін сатылды, Мағжан сатылмағаны үшін атылды, мен жер емеспін сатылып кететін, Мағжан емеспін атылып кететін» дейтін өлең жолдары өзгермес аксиомаға айналды десе де болады.

Ақын шығармаларына арналған кеште Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ғалым Жайлыбай қаламдас ағасының шығармашылығына арналған баяндамасын жасады. Онда Жәркен жырларындағы әуез бен әсер туралы тереңінен талдап, өлең мен өмір арасындағы ақын жанының қатпарына үңілген Ғалым Жайлыбай Жәркен жырлары сонау «...Буыршынның бұта шайнар азуы, бидайықтың көл жайқаған жалғызы» дейтін Қазтуған жыраулар дәуірінен үзілмей жалғасқан жыраулық дәстүрдің бүгінгі әдебиеттегі көрінісі деген пайымға тоқтайды.

Бұл әдеби кеш саналы ғұмырын жырға арнаған Жәркен жыраудың әдебиеттегі ұзақ ғұмыры енді ғана басталып жатқанын көрсеткендей...

БРИФИНГ

# АЛМАТЫ – ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ ЗОР ҚАЛА

**Алматы қаласының Туризм басқармасы «Туристік профиль: орташа есепшот, трендтер мен преференциялар» атты брифинг өткізді. Іс-шара Алматыға келген шетелдік және отандық туристердің портретін жан-жақты талдауға арналды.**

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Брифинг барысында туристің жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы, қызығушылықтары, шығындар құрылымы, сонымен қатар қалаға келуден қанағаттану дәрежесі сияқты мәселелерге негізделді.

Ұлттық статистика бюросы мен Mastercard спикерлері мәліметтерді жинау және талдау кезеңдері туралы егжей-тегжейлі әңгімелеп, туризм индустриясының қазіргі тенденцияларымен таныстырды. Сонымен қатар, туристердің қаланың дамуына қосқан үлесін де жан-жақты талқылады.

Брифингте Алматы қаласының экономикасына туризмнің әсері туралы айтылып, эксклюзивті ақпарат алмасуға мүмкіндік берді.

*– «Алматы – туризмге өте қолайлы мекен. Мұнда туристер ұшақ, пойыз, көліктермен келеді. Сервистік қызметтер деңгейін бұдан да жоғары деңгейге көтерсек, ұтатын тұсымыз көп. Қазіргі таңда «Алматы әуежайы» жаңарып, қарым-қатынасқа мол мүмкіндік ашылды. Өйткені, Алматы – Орталық Азияда ғаламтордан көп қаралып, туристер қызығатын бірден-бір шаһар. Әрине, бізбен Ташкент иықтасса да, біздің әлеуетіміз анағұрлым жоғары .Сол үшін біз туристерді көптеп тартуымыз керек», –* деді «Mastercard D&S» аға меңгеруші-консультанты Бауыржан Жазықбаев.

Сонымен қатар, туристерге тағы қандай қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныс-пікірлер сөз болды.

*«Біз туристер қатарын арттырамыз десек, біраз нәрсеге мән беруіміз керек. Мәселен, қалаға келген туристер такси, қоғамдық көлік жағынан қолайсыздық сезінбеуі керек. Қонақүйлерді де қолайлы еткен жөн. Сондай-ақ, қонақтар Медеу, Шымбұлаққа барғысы келсе, еш қиналмаса дейміз. Егер осы аталған қызмет түрлерін саяхаттаушыларға қолайлы етсек, екі жаққа да пайдалы болар еді»,* – деді спикер Бауыржан Жазықбаев.




БАЙҚАУ



# Жастар ұлттық құндылықтарды дәріптеді

**Алматыда бірнеше номинациялар бойынша дін саласының өзекті мәселелері туралы үздік материалдарды дайындау байқауының жеңімпаздары марапатталды. Салтанатты марапаттау рәсімін Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының тапсырысы бойынша «JASTAR» дамыту орталығы» Жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.**

Досбол
АТАЖАН

Байқауға Алматы қаласында жұмыс жасайтын жергілікті және республикалық БАҚ журналистері, студенттер, тәуелсіз публицистер мен блогерлер қатысты. Ұсынылған жұмыстар зайырлылық, толеранттылық, қоғамдағы конфессияаралық келісім, қазақ халқының рухани құндылықтары, дәстүр мен дін, патриотизм, Отанға деген махаббат, Қазақстанның тарихи және қасиетті орындары, радикалды діни идеологияның, діни экстремизм мен терроризмнің зияндылығы сияқты өзекті мәселелерді қамтыды.

*– Байқауға қазақ және орыс тілдерінде 10 номинация бойынша 6 айдың көлемінде 220-дан астам өтінім келіп түсті. Бұл байқауды ұйымдастырудың басты мақсаты – діни экстремистік және радикалды идеологияға қарсы қолданылатын сапалы материалдарды әзірлеп, оны көпшілікке қолжетімді ету, сонымен қатар қазақ халқының рухани құндылықтарын дәріптеу,* – деді Дін істері жөніндегі басқарма басшысының орынбасары Әлімбек Айдарбекұлы.

Қазылар алқасы барлық өтінімдерді қарап, жеңімпаздарды келесі номинациялар бойынша анықтады: «Digital Art шеңберіндегі үздік фотожоба», «Үздік өлең», «Үздік үндеу және ұран», «Үздік пікір», «Әлеуметтік желілердегі үздік тақырыптық пост», «Интернет-ресурста қазақ тіліндегі үздік мақала», «Интернет-ресурста орыс тіліндегі үздік мақала», «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі үздік бейнеролик», «ТикТок» әлеуметтік желісіндегі үздік бейнеролик», «Үздік әлеуметтік бейнеролик». Сондай-ақ, басқа қатысушыларға ақшалай ынталандыру сертификаты табысталды.

*– Мен SMM маман және мобилограф болып жұмыс істеймін. Еліміздегі әлеуметтік мәселелер туралы бейнеролик түсіру жоспарымда болған. Байқау туралы әлеуметтік желіден көріп, қатысамын деп шештім. Өз үндеуімде Отанға деген махаббат, Қазақстандағы конфессияаралық келісім тақырыптарын көтердім,* – деді «Үздік үндеу және ұран» номинациясының жеңімпазы Ақмаржан Накнавина.

«АҚШАМНЫҢ» АРХИВІНЕН

**«Ұлтқа қызмет ету – мінезден». Сонау XX ғасырдың 80-90 жылдары ұлттық мәселелерді ұлықтап, ұлт мүддесі үшін шырылдап, елге қызмет еткен халқымыздың аяулы ақын қызы, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, мінезді қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынова (1939–2014) биыл 85 жасқа толар еді.**

**«Алматы ақшамының» жарыққа шығуына, қалыптасуына қомақты үлес қосқан санаулы тұлғалардың алғы шебінде жүрген Фариза апамыз ұлттық баспасөздің шынайы жанашыры еді. Қазақ қоғамы алғашқы саны 1988 жылы 1 шілдеде жарық көрген қазақ тіліндегі тұңғыш қалалық газетті бүтінде «Желтоқсанның» жемісіне, Егемендіктің жаршысына, Тәуелсіздіктің тұғырына балайды.**

**«Сарғайса да газеттің ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады». Тәуелсіз Қазақ Елінің қалыптасу кезеңіндегі сол бір тарихи сәттердің бәрі – газетіміздің жылнамалар қоржынында қаттаулы тұр. Архивтік тігінділерімізге көз жүгіртсек, поэзия падишасы 1990 жылы өзінің елу жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған редакциялық шараға қатысыпты.**

**«Ақшамның» қонақжай шаңырағында газет тілшісі, белгілі ақын, марқұм Қайрат Әлімбекке замана бағдарлары, ұлттық руханият пен құндылықтар кеңінен қозғалған көлемді сұхбат беріп, ұлттың рухани тұтастығы, кеңестік дәуірдегі қоғамдық-саяси жағдайлар және халықтық сана мәселелері туралы өзекті ойларымен бөлісіпті. «Ақшамға» «өткір, әділ, қиянат көргендерге шырылдап ара түсетін шыншыл басылым болуды» аманаттапты.**

**Зерделесек, осыдан 34 жыл бұрынғы сұхбатта қозғалған кейбір мәселелер бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жоғалтпаған. Сондықтан оқырмандарымызға сол сыр-сұхбатты қаз-қалпында ұсынуды жөн көрдік.**


Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# Фариза ОҢҒАРСЫНОВА:

# «РУХАНИ ТҰТАСТЫҒЫ


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Алматы ақшамы

Газет 1988 жылғы шілденің 1-жұлдызынан бастап шығады

Қазақстан Компартиясы Алматы қалалық комитеті мен халық депутаттары қалалық Советінің газеті

№ 4 (454)

Жұма, ҚАҢТАР, 5-ЖҰЛДЫЗ, 1990 ЖЫЛ.

Бағасы 3 тиын.

Аптасына алты рет, жексенбіден басқа күндері шығады.

**– Фариза Оңғарсынқызы, «Ердің жасы – елуіңіз» құтты болсын! Бұл бір өткенге көз жіберіп болашақты бағдарлар белес қой. Сондықтан да қазіргі көңіл күйіңіз қандай? Өткен өміріңізден ел-жұртыңызға қандай есеп берер едіңіз?**

– Біздің көңіл күй ауа райына байланысты. Әдеби-саяси, тұрмыстық ауа райын айтамын. Аз ғана халқымның арқалағаны тауқымет, көргені бейнет, санасы күстеніп, айқайлағанның бәрін азамат деп қабылдап, әркімнің аяқасты майлық-сулығы болып жүргенін көріп отырып: «мен елімнің мықтысымын, асылымын» деп жеке дара алшаңдау – арсыздың ісі.

Ал қазіргі күндері көңіл күйім бұдан екі-үш жыл бұрынғыдай мүшкіл халде дей алмаймын. 1986 жылдан өткен 1989-дың дәл ортасына дейін ішкенім ірің, жегенім желім болып, жермен-жексен күй кешкенім рас.

Елге есеп берердей, біз, творчество адамдары, үй салып жатқанымыз жоқ, халықтың жағдайын жақсартып, «Фаризаның таққа отырған тұсында пәлен жақсы істер істеліп еді» дейтіндей әкімдік билігіміз жоқ. Біздікі – жұртқа, кейінгі ұрпағыма ой салу, атажұртымның асыл қасиеттері мен сананды жаңғыртар салт-дәстүрін жалғастыруға, өзге өрелі халықтардың мәдениеті мен биік ой деңгейін үйренуге үндеу, адалдыққа, есептеспейтін мейірімге тәрбиелеу. Творчествоға араласқан отыз жылымыздың бойына осы мұраттарды мақсат тұттық. Елге, қоғамға міндетситін жәйім жоқ. Көкірегі ояу оқушы өзі айта жатар.

**– Сіздің поэзияңыздың гүл ашқан шағы қазір «хрущевтік жылымық» деп айтылып жүрген кезеңге тұспа-тұс келді. Одан соң бұтақ жайып, тамырланар уақыты ұзаққа созылған «тоқырау дәуірінде» өтті. Бұл творчествоңызға әсер етпей қоймағаны анық. Осы жайындағы ойыңызды бөліссеңіз...**

– Мені ақын еткен – тоқырау заманы. Қазір «тоқырау» дегенді жұрт көп айтады. Естіген сайын менің әр клеткам көтеріліске шығатындай бұлқан-талқан болып қаламын. Адамзат талай қоғамдық сатыларды бастан кешкен. Оның әрқайсысының жақсы жақтары да, кемшіліктері де болған, тіпті біздің дәл қазіргі қайта құру деп жүрген кезеңіміздің өзі де солай. Бұл – заңдылық. Қазақ республикасының шаңырағы биіктеп, Жер шарының бір нүктесінде қазақ деген халық бар екенін әлем жұртының білгені де сол тоқырау жылдарының тұсы. Ұлттық сана-сезіміміздің қалыптасуы да ол кезеңнен басталды. Ұлттық сана-сезіміміздің қалыптасуы да сол кезеңнен басталды.Ұлттық сана қалыптаспаған халықта тұтастық болмайды. Тұтастығы, рухани бірлігі жоқ ұлттың өмірі қысқа болатынын адамзат тарихы дәлелдеп келеді. Ол кезеңнің де қателіктері, кемшіліктері болған шығар. Ондай көлеңкелер ой адамдарын есейтті. Сол жылдары «Мен сенің жүрегіңдемін», «Сұхбат» атты кітаптарымды шығаруда көп қиындық көрдім. «Жазушы» баспасындағы қызметкерлер «қоғамға үкім айтып отыр» деп, біраз шығармаларымды қырықты, қысқартты, кейбіреулерін өзгертіп, «тұздықтауға» мәжбүр етті. Бұл – сол жекелеген адамдардың саяздығын, ойсыздығын көрсетер фактілер. Осыған қарап, бүкіл қоғам сондай болды деуден аулақпын.

Сол жылдары Маңғыстау, Торғай, Жезқазған облыстары, бірнеше жаңа аудандар құрылды. Жаңа газет-журнал, баспалар ашылды. Қаншама мәдениет, спорт сарайлары, мектеп, театрлар салынды. Мұның бәрі бір немесе бірнеше адамның игілігі емес, халық игілігі. Сондықтан өткеннің бәріне құм шашу – күпірлік.

**– Тоқыраудың тоңын жібітер кезеңде бірсыпыра асырасілтеушілік болғаны да шындық. Көптеген басшы адамдарға түрлі «атақтардың» тағылуын, тіпті күллі қазақ халқына «ұлтшылдық» таңбасы басылуын-ақ алайықшы...**

– Асыра сілтеушілік басқа халықтардан гөрі біздің ауылда басымырақ болғаны жаныма батады. Бұл – тарихтың талай соққысын керіп келгені сабақ болмай, бірлігіміздің, тұтастығымыздың әлі де шала піскен жұмыртқадай екенін көрсеткен халықтық, тіпті керек десеңіз, қоғамдық мүддені жеке басымыздың мансабынан, топтардың айтыс-тартысынан биік қоя алмай, соның салдарынан қолжаулықтық ауқымнан аса алмай жүргеніміздің көзбен көрер көрінісі болды. Өзі аз, әрі пышырап жүрген халқымыздың арасына «оңтүстіктің қазағы», «солтүстіктің немесе батыстың қазағы» деп сына қағылды. Екі қазақ таласып жатса, арашалаған болып келген үшінші біреу төрелікке қолы жетеді. Бізде осы жағдай тарихи трагедия болды. Өзіміздің керемет жігіттеріміз бен қыздарымызды итеріп тастап, әйтеуір басқа жақтан келген басқа ұлттың аяғынан тік тұратын өкілі болса немесе не өз тілін, не тарихы мен психологиясын білмейтін, бірақ қазақ атын шапан еткен біреулер аяқастынан атқа мінгізілді. Елдің басына Ресей облысынан келген басқа халық азаматының аспаннан түскендей отырғызылуы да ұлттық сана-сезімнің өрлеп тұрған кезінде қазақ атаулының ішкі қыжылын күшейтіп, намысына тиді. Бұл дұрыс саясат болмады.

Бірнеше жыл ел басқарған, республиканы өркендетуге күш-қуатын жұмсаған халқымыздың перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жолдасты, бөлініп-жарылып, әр ауылға ұран тастауға келгенде алдарына жан салмайтын интеллигенция өкілдерінің кейбіреулері болмаса, қарапайым халық қатты қадір тұтатын. Ол кісіні де аяқастынан «жаман» етіп шығардық. Алматыда монша салдырды деп айыптадық, сол моншаға Қонаев жолдас бір рет түсті ме екен, сірә?! Орыстан әйел алған қазақ азаматтарына қуалап жүріп құрмет көрсеттік. Мұның бәрі ойы, пікірі бар адамның жүрегін айнытатын жарамсақтық еді. Осы сиқымызды көріп, алауыздығымызға, мансап үшін әкемізді де сатуға әзір болмысымызға көздері жеткен Москвадағы мықтылар өздеріне сол керек дегендей, «ұлтшылсыңдар» деп бетімізге быламық жақты. Рухани тұтастығы, ұлттық бірлігі жоқ халық ғұмырсыз және оның осы осалдығын әркім пайдаланады.

**– Қазір еліміздің ертеңі биік мінбелерден талқыға түсуде. Өйткені, халықтың тұрмыс-тіршілігі тым жұтаң тартты. Тіпті, кешегі ағыл-тегіл ең қажетті бұйымдардың өзі қасқалдақтың қанындай болып кетті. Сіздіңше, осынау тығырықтан шығар жол сілтеуде жазушының рөлі қандай болмақ?**

– Әр адамның өз орны бар. Жазушының парызы – халықтың ойын, санасын өсіру, қоғам денесіндегі барлық қан тамырларын ауру-сырқауымен көре білу, көрсете білу, адамды рухани тазалыққа, адалдыққа баулу. Соңғы жылдары жазушы атаулы мінбеге таласып, бисінуге, билік айтуға жаппай әуестеніп алды. «Атың шықпаса, жер өрте» дегендей, солардың дені көркем шығармада ауыз тұшынар ештеңе жаза алмағандар. Бас-аяғын барлап алмай, әйтеуір халықты соңынан ертсем дегенді мақсат тұтып, ұрандау, болмайтын іске елді бастап батпаққа түсіру – ойлының, ел мен жерге жаны шын ашығанның ісі емес, әншейін атын шығарудың, арзан уақытша бедел алудың айла-амалы.

Сіздің сұрағыңыз төңірегінде басты пікір айтып, батыл да білгір тұжырым жасауға тиіс – біздің ғалымдар, экономистер, тарихшылар, философтар және басқалар. Өкінішке орай, біз тарихымызды да білмейміз, экономикамыз бен шаруашылығымыздың қандай дәрежеде екенінен де бейхабармыз. Республикамыздың төл оқымыстылары селт етер емес. Орталық басылымдардан ара-тұра бірдеңелерді оқып, ел елең етіседі. Бұл ретте жазушыны қаужаңдатудың қажеті жоқ. Он-

сыз да біздің қоғамымыздың әркімді өз орнына отырғызбауынан, жұрттың бәрін бір өлшеммен өлшеуінен адамдар әлі күнге жапа шегіп, зардабын халық тартып келеді.

Сондықтан ұран тастап, құр даурығу емес, әркім өз саласындағы адал ісімен, белсенділігімен қызмет етсе ғана халыққа, қоғамға пайдасын көбірек тигізеді. Сөзге біршама тойып болдық – іс істеуіміз керек. Бізге бүгінгі таңда өсу керек, еңбек ету керек, ақылмен, оймен еңбек ету керек. Тұрмысымызды, мәдениетімізді біреу келіп жасап бермейтініне көз жеткізердей болдық.

**– Алматыдағы, Жаңаөзендегі оқиғалар республикамызда әлеуметтік теңсіздіктер орын алып отырғандығын көрсетті. Бұл талай жылдар бойы «төрт құбыламыз түгел» деп даурығып жүрген «жалған патриоттардың» кім екендігін ашып берді. Тіпті, кезінде «Мақтанса бүгін, мақтансын қазақ, төбесі көкке тимей тұр аз-ақ» деп те шырқадық-ау...**

– Бұл – тағы да, жаңағы айтқанымыздай, өз орнында отырмаған шалағай, мансапқор, жағымпаз басшылардың кесірінен туындайтын жайт. Әркім өз жұмысында қаққан қазықтай,тазалықпен, білімімен, көргенділікпен еңбек етсе, мұндай былықтар болмаған болар еді. Осы Алматыда Әділхан деген жігіт «Атамекен» атты экологиялық кооператив құруға бел байлағанына екі жылдан астам уақыт өтті. Өзі туып-өскен Кеген ауданындағы баяғы өзен, көл, тоғайлары, бұл күнде орны төмпешікке айналған ауылдарды қалпына келтіру үшін отыз шақты семья жиналып, жекеменшікке 3 мың гектар жер сұрайды. Ақша сұрамайды, жер сұрайды! Сол жерді өз меншіктеріне алып, қырғауыл мен елік, құндыз өсірсек, химиясыз жеміс-жидек өсірсек дейді.

Бірақ совхоз директоры оларға жер бермек түгілі маңынан жүргізбейді. Өйткені, бұл қой совхозы жыл сайын корей ағайындарды жалдап, қауын-қарбыз, жуа салдырып, миллиондаған пайда түсіреді. Селитра сорған жер төрт-бес жылдан кейін ақтандаққа айналатыны белгілі. Бірақ әрбір шаруашылық




# ЖОҚ ҰЛТТЫҢ ҒҰМЫРЫ ДА ҚЫСҚА»

**«Алматы ақшамы» өткір, әділ, қиянат көргендерге шырылдап ара түсетін шыншыл басылым болса деп тілеймін.**

**Біз әншейінде «қазақпыз» деп төс қағамыз да, газет-журнал, кітаптардың орысшасын оқимыз ғой. Алматының қазақтарын тайлы-тұяғымен «Ақшамды» кешкі шамның жарығындай күтіп, жаздырып алуға шақырамын.**

**«Қазақ тіліндегі кітаптарды, қазақша шығатын газет-журналдарды қазақтар оқымайды» деген пікір бар. Негізсіз пікір емес.**

басшысының басты мұраты: «мен Қазанға барғанша, қан жаумасын – қар жаусын, мен Қазанға барған соң қар жаумаса – қан жаусын». Жердің ертеңін қорғау емес, бүгін мен ертең пайда табу, өзі де, шаруашылығы да маржанға батып жүрсе болды. Кооператив құрушы азаматтардың жаңашыл идеясына құлақ қойып жатқан не Алматы облыстық партия комитеті, не облыстық атқару комитеті жоқ. Республика Министрлер Советіне қолдары жетпейді. Әлеуметтік теңсіздік деген осындайдан шығады. Бүгінін, қара басын ғана ойлайтын саяз басшылар осылайша қоғамға, үкіметке күмән туғызар істерімен халық арасында наразылыққа жол береді.

Бұл тұста кадр мәселесін айналып өтуге болмайды. Іскер, қабілетті айқайлап-ұйқайлап көзге түсемін демей, үндемей жүріп-ақ шаруа тындыратын азаматтардың ірілі-ұсақты басқару ісіне араласуы көптеген келеңкелерден сақтар еді. Ал республикада кадр мәселесімен – Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен көптеген облыстық партия комитеттерінде, тіпті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне дейін – басқа ұлт өкілдері айналысып жүргенін жасыруға болмайды. Олар небір жүйрік азаматтар болғанмен, жергілікті халықтың психологиялық ерекшелігін, кадрлардың қабілетін жете біле бермейді. Осыдан келіп кадрларды іріктеу, өсіру мәселесінде шалағайлықтар туындайды. Қазақта «адам таниды» деген ұғым бар. Ол кез келгенге айтыла салатын анықтауыш емес. Адамды тани білу – Құдай берген қасиет. Сондықтан осындай қасиеті бар адамдардың ел басқаруы – халықтың бақыты.

**– Ұлтаралық қарым-қатынас проблемалары бүгінгі таңда күн тәртібінде өткір тұр. Одаққа белгілі ақын, яғни қайраткер ретінде осы тұрғыда Сіздің айтарыңыз аз болмас?..**

– Еврейдің еврей екенін, қазақтың қазақ екенін күн сайын көзіне шұқып ескертіп отырған соң адам өзінен-өзі ұлтшыл болады екен. Жариялылық кезеңінің бір кемшілігі осы. Әр халық өз жерінде тілімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен емін-еркін өркендеуі керек. Бұл – заңдылық болуы шарт. Өз Отаны жоқ, басқа елде, басқа халықтың жерінде отырып, оның тілін, заңдарын мойындамай, оның үстіне әркім өз тілін республика тілі етем деу – өрескел көргенсіздік. Сол жерде отыр, өс, өн, жұмыс істе, бірақ жергілікті халықтың ғұмырына, тірлігіне үстемдік етпе.

Біздің республикада, әрине, кейбір жерлерде, қай елге келгеніңді білмейсің. Тіпті, біздің Қазақ азаматтық әуе флотының самолеттеріне отырғанда Қазақстанның иісі шықпайды ғой. Әдетте екінші бортпроводница болып есептелетін «қазақ» қызы қазақ тілін жаңа үйренген ағылшын әйеліне ұқсап, қазақша хабар айтқан болады. Оның сөзіне, әуеніне, қазақша сөйлеген сықпытына қарап, ұяттан өле жаздайсың.

Біздің жігіттер ескеруге тиіс бір жайт бар: бүгінгі заманда сыртқа тепкен ашу-ыза, күшкөрсетумен немесе «сен бұл жерде не істеп жүрсің – орманыңа кет!», – деген секілді ожарлықпен ештеңе де тындыруға болмайды. Халық үшін істелетін еңбек, төгілетін тер оймен, ақылмен, біліммен ұштасқанда ғана жемісті болмақ.

Бізде неше түрлі бейресми қоғамдар, ұйымдар шығып жүр. Олардың біраз талаптары, жоспарлары көңілге де қонады. Бірақ соларды ұйымдастырып жүргендердің басым көпшілігінде ыза мен ашу, өткен мезгілде өздері көрген жәбірден қалған запыран байқалады. Әрқайсысының көңілінде әйтеуір бір өкпе бар. Өз басының өшін алу үшін елдің, жердің тағдырын қалқан ету – қылмыс.

**– Қазіргі кезде экология мәселелерін сөз ету тіпті сәнге айналып бара жатыр. Бірақ мұның көтерілуі орынды да. Алайда, тек табиғат қана азып-тозып бара жатыр ма?**

– Жердің экологиялық жағдайы, шынында да жыларлық жағдайда екені рас. Әр жерден айқайлағаннан пайда жоқ. Жоғарыда айтқан Әділхан секілді жер сұраған, оны әркімге аяқасты болудан сақтаймын деген жігіттерге жерді беріп, елді қоныстандырған дұрыс деп ойлаймын. Қарақалпақ, Түрікменстан, Ресей жеріндегі, тіпті шетелдерде жүрген елдестеріміздің туған топыраққа келеміз дейтіндері баршылық. Оларға жер беріп, шаруашылық ұйымдастыруына мүмкіндік жасап, бағдарлап, реттеп отыратын бөлім керек. Мүмкін республика Министрлер Советінің жанынан ба?.. Ана жылы Расул Ғамзатов Алматыға бір келгенде, осындағы достары машинамен аудандарға апарып қыдыртыпты. Сонда ақын: «Қайран қазақтың даласы кең-ау, тек қазақтар ілуде біреу екен», – деп әзілдепті. Бұл да әркімнің есінде жүруі тиіс жәйт деп ойлаймын.

Ал «азып-тозып барамыз» деп, отыра қалып жылап-еңірегенімізбен, Иерусалимнен, Ереваннан немесе Чикаго мен Биробиджаннан келгендер бізге жағдай жасап: «ал, өсіңдер, өркендеңдер» – деп, қой үстіне бозторғайды отырғызып беріп кетпейді. Біз бәрін өзіміз ойлауымыз, өзіміз реттеуіміз керек.

Мен өткенде Түркияға барып қайттым. Жанымдағы жиырмаға жуық қазақ жігіттері мен қыздарының ішінде менімен өз тілімізде сөйлесетін біреу ғана болды. Суретші інім Бексейіт Түлкиев. Өлгі жастардың бәрі дерлік күні кеше әртүрлі дәрежеде ел басқарған партия-совет қайраткерлерінің ұл-қыздары. Қазақ дейін десең, қазақ емес, орыс деуге тағы келмейді. Ұрпақтың азып-тозуы деген осы. Ал бұған біз уақытты, ортаны, партияны, үкіметті кінәлап, бұлқан-талқан боламыз. Әрбір ата-ананы жазалау керек. Азып-тозғанымыздың бәрін біреуден не үкіметтен көру қате.

**– Қайта құрудың бір игілігі – өткенге оралу, яғни ұлттық салт-дәстүріміздің қайта жаңғырығып, тарихымыздағы «ақтаңдақтардың» аршылуы, ана тіліміздің ажарының ашылуы дер едік. Өткен мен бүгінді өз творчествоңызда сәтті байланыстыра білген ақын, азамат ретінде бұған не дейсіз?**

– Расында да, бүгінгі жаңғырығып жатқан қоғамымыздағы жалғыз жетістік – шаң басқан тарихымыздың аршылуы. Бірақ менің ойымша, өз тарихымыздағы тұлғаларды ұрпаққа жария етуге, салт-дәстүріміздің озығын ретін тауып, өмірге енгізуге баяғыда-ақ болатын еді. Енді бүгін Америка ашқандай далиып жатырмыз. Бүгін жариялылық, қайта құру дегенді желеу етіп, бәріміз жаппай батыр да батыл болып шыға келдік. Бірақ бұл батырлық та, көрегендік те, халық камын ойлаған даналық та емес. Егер бүгінгі істеліп жатқан шаруаның бәрі сол тоқырау жылдарында үндемей тындырылған болса, міне, даналық деп сонда айтуға болар еді.

**– Бір ойдан алғанда ақын – сайланбаған депутат тәрізді. Осы орайда көкейіңізде жүрген, келешекте қолға алмақ қандай ойларыңыз бар?**

– Маған осы тектес сұрақтар қойылғанда, ұялып қаламын. Сұрақ қойғандар үшін ұяламын. Мұндай сұрақты ақыннан естіп отырғаным тіпті ерсі.

Мен ойыма құлақ түрер жүрек болса:

- *Алматыда және әр облыс орталығындағы, балалар үшін барлық ауруды емдейтін бассейні, спорт залы бар Денсаулық орталығын;*
- *бала асырап алып, тәрбиелеймін деген, өзінің тілін, дәстүрін білетін, жұмыста қолынан іс келетін жеке басты әйел-қыздарға әуелі Астанада, сосын облыс орталықтарында тұрғын үй салдырып, пәтер бергізер едім;*
- *Астанада сонау Асан қайғыдан бастап, кешегі Мұқағали, Жұмекеңдердің мүсіндері тұратын «Ақындар аллеясын» салғызар едім.*
- *Қонаев жолдастың халық алдындағы абыройын шимашылай беруден ұтарымыз жоқ. Қазақ халқының тарихындағы алатын орнын анықтап, есімін еркін айтуымыз керек. Ол кісінің ішкені, жегені жоқ, 1986 жылы Қонаевты қаралаған халық емес. Сондықтан адалдыққа адал қарау дұрыс деп ойлаймын.*

**– «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген Абай сөзі сізге де қатысты секілді. Өйткені, жұрт «мінезді адам» деседі. Бұған келісесіз бе?**

– Осы жұрт қызық. Егер ұсақ-түйекке шарбайлап ұрсысып жататындарды емес, өзінің әр нәрсені, құбылысты жақсы көргенін не жек көргенін тура айтатын, өз принципінде аяғына дейін тұратын адамды «мінезді» дейтін болса, мен де «мінезді» шығармын. Жалпы, мінезі жоқ адамда мән де жоқ қой.

**– Фариза Оңғарсынқызы, сұхбат соңында жалпы баспасөз, оның ішінде «Алматы ақшамы» газеті жөніндегі пікіріңізді білсек дейміз.**

– «Алматы ақшамының» өз алдына отау тіккелі жатқанына қуаныштымын. Өткір, әділ, қиянат көргендерге шырылдап ара түсетін шыншыл басылым болса деп тілеймін. Біз әншейінде «қазақпыз» деп төс қағамыз да, газет-журнал, кітаптардың орысшасын оқимыз ғой. Алматының қазақтарын тайлы-тұяғымен «Ақшамды» кешкі шамның жарығындай күтіп, жаздырып алуға шақырамын. «Қазақ тіліндегі кітаптарды, қазақша шығатын газет-журналдарды қазақтар оқымайды» деген пікір бар. Негізсіз пікір емес.

**(«Алматы ақшамы»,
№4 (454) 5 қаңтар, 1990 жыл).**



ТЫҢ ҚАДАМ

# ЕМДЕУ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

## Алматыда сүт безі обырына қарсы препараттар шығарыла бастайды

**Халықаралық Roche және Нобель компанияларымен бірлесіп Алматы фармацевтикалық фабрикасының базасында сүт безі обырына қарсы дәрілік препараттар өндірісін оқшаулау жөніндегі жоба іске қосылды. Оның ашылу салтанатына ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова қатысты.**



Мемлекет басшысы отандық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндірісінің үлесін фармацевтикалық нарықтың жалпы көлемінің 50%-ына дейін ұлғайту міндетін қойған болатын. Жиында аса маңызды онкологиялық препараттар өндірісін оқшаулау қазақстандық пациенттердің обырдан емдеудің инновациялық әдістеріне қолжетімділігін жақсартып, өмір сүру ұзақтығын арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

ҚР-ның 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын іске асыру шеңберінде жаһандық фармкорпорациялармен ынтымақтастықты кеңейту, инвестициялар тарту, өндірісті оқшаулауға технологиялар трансферті және жаңа әзірлемелер тарту жөніндегі іс-шаралар көзделеді. Ал бұл өз кезегінде импорттық препараттарға тәуелділікті қысқартуға, олардың құнын төмендетуге және оларды пациенттер үшін барынша қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Тағы бір тың жаңалық – Қазақ онкология және радиология ғылыми зерттеу институтында Заманауи сәулелік терапия орталығы ашылды. Бұл онкологиялық көмектің сапасын және пациенттер үшін диагностика мен емдеудің озық әдістерінің қолжетімділігін арттыру жолында қадам жасауға мүмкіндік береді. Орталық жаңа сәулелік аппараттармен – жаңа нұсқадағы желілік үдеткіштерімен, сондай-ақ «Қазақстан халқына» ҚҚ қаржылық қолдауымен сатып алынған компьютерлік томографпен жабдықталған.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова жаңа жабдықта диагностиканың дәлдігі мен жылдамдығының маңыздылығын, бұл жалпы қатерлі ісіктері бар пациенттерді емдеудің тиімділігін арттыратынын ерекше атап өтті.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

# РОБОТҚА СЕНУГЕ БОЛАДЫ

## Мегаполисте алғаш рет толық роботтандырылған оталар жасалып жатыр

**№4 қалалық клиникалық ауруханада халықаралық шеберлік сыныбы өтті. Онда травматологтар мен ортопедтер толық автоматтандырылған ортопедиялық жүйемен ота жасауға жаттықты. Тізе буынының патологиясы бар төрт науқасқа робот көмегімен эндопротездеу жасалды. Жүйе тізе буындарын жасау үшін стереотактикалық құрылғы ретінде қолданылды.**

Науқастың МРТ, КТ суреттерін пайдалана отырып, робот хирургқа ота алдындағы дайындықты жоспарлауға көмектесті және ота кезінде аналитикалық ақпарат берді. Бөлімше меңгерушісі Манарбек Әубәкіров ауруханада алғашқылардың бірі болып роботпен бірге ота жасады.

*«Тізе буынының 3-4 дәрежелі деформациялық гонартрозымен он жылдан астам ауыратын науқасқа ота жасадық. 3 немесе 4-дәрежелі гонартрозды емдеудің жалғыз тиімді жолы – операция. Алдын ала тізе буынының компьютерлік томографиясы жасалды, зерттеу деректері жүйеге жүктелді. Робот біз үшін деформацияны, имплант өлшемін есептеді, ота кезінде жүйе тапсырманы өз бетімен орындағандай болды. Робот миллиметрлік дәлдікпен оталық аймақты кесті. Адам факторы алынып тасталды. Бұл жоғары мамандандырылған роботтандырылған технология, сондықтан науқас тезірек аяғына тұрады, отадан кейінгі ауырсыну синдромы азайып, жарақаттар азаяды»,* – дейді Манарбек Әубәкіров.

№4 қалалық клиникалық аурухана – жедел және жоспарлы хирургиялық, травматологиялық, нейрохирургиялық және кардиохирургиялық көмектің толық циклі бар мамандандырылған травматологиялық орталық. Дәл осы күндері аталған ауруханада ревизиялық эндопротездеу бойынша шеберлік сыныбы өтіп жатыр. Онда жұқпалы асқыну мәселелері талқыланбақшы. Аурухана – ірі буындарды ауыстыру саласындағы флагман. Мұнда жыл сайын 2 мыңға жуық буын ауыстыру отасы жасалады.

С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ травматология және ортопедия кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамымен бірге аурухананың жетекші дәрігерлері шеберлік сыныбының спикері болады. №4 қалалық клиникалық ауруханада бұған дейін жартылай автоматты жүйесі бар робот сынақтан өткен болатын.

СӘТТІ ОТА

# АЛМАТЫ ОНКОЛОГТАРЫ

## Асқазан обырына шалдыққан 94 жастағы кейуанаға операция жасады



**Алматы онкологиялық орталығына «асқазанның шығу бөлімінің қатерлі ісігі» диагнозы қойылған 94 жастағы кейуана келіп түсті. Қарттығына және кәрілігіне байланысты туындайтын тәуекелдерге қарамастан, орталық мамандары ота жасау туралы шешім қабылдады.**

*«Көбісі науқастың жасы мен жағдайын ескере отырып, ота жасаудан бас тартты. Бірақ барлық қажетті тексерулерді жүргізіп, оның жағдайы ECOG шкаласы бойынша 1-2 баллға бағаланғанын, бұл оның белсенділігін азды-көпті сақтап қалғанын ескеріп, науқастың жалғыз мүмкіндігін пайдалануды ұйғардық. Резекция операциясы жасап, асқазанның 3/4 бөлігі алынды. Операция сәтті өтті. Жүз жасқа дейін өмір сүреді деп сенемін»,* – дейді бөлім басшысы Нұрлан Балтаев.

Асқазанның шығарылатын ісігі – асқазанның төменгі бөлігіне әсер ететін қатерлі ісік, ол арқылы тамақ аш ішекке өтеді. Бұл диагноздың күрделілігіне қарамастан, онкологиялық науқастардың физикалық белсенділігі мен өмір сапасын бағалау үшін қолданылатын ECOG шкаласы бойынша пациенттің жағдайы оған осындай күрделі араласудан өтуге мүмкіндік берді.

Бұл шкала бойынша 1-2 баллдық ұпайлар пациенттің қалыпты белсенділігін және дәрігерлер үшін шешуші факторға айналған өзін-өзі күту қабілетін сақтайтынын көрсетеді.

**Асқазанның қатерлі ісігі – елімізде кең тараған онкологиялық патологиялардың бірі. Соңғы сатыдағы көптеген науқасқа әрқашан операция жасау мүмкін емес. Алайда, Алматы онкологиялық орталығының дәрігерлері егде жаста болса да, науқастың физикалық белсенділігі жеткілікті болғанда, операция сәтті жүргізілуі мүмкін екенін дәлелдеді.**

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

# СУСЫЗДАНУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

## Жүкті әйелдердегі жатыр суының аздығы туралы не білеміз?

**Жүкті әйелдердегі жатыр суының аздығы (олигогидрамнион) – амниотикалық қапшықтағы амниотикалық сұйықтық деңгейі қалыпты жағдайдан төмен болатын көрініс. Бұл туралы Алматыдағы №4 перзентхананың акушер-гинекологы Айшибанум Таирова тарқатады. Олигогидрамнионның дамуына ықпал ететін бірнеше фактор бар дейді дәрігер.**



**ОЛАР:**

***1. Плацента проблемалары: егер плацента дұрыс жұмыс істемесе, бұл ұрықтың қоректік заттар мен оттегінің жеткіліксіз жеткізілуіне әкелуі мүмкін. Ал бұл өз кезегінде амниотикалық сұйықтықтың бөлінуін азайтады.***

***2. Ұрықтың патологиялары: кейбір туа біткен ауытқулар амниотикалық сұйықтықтың түзілуіне немесе бөлінуіне әсер етуі мүмкін.***

***3. Инфекциялар: хламидиоз немесе герпес сияқты жұқпалы аурулар сұйықтық деңгейіне теріс әсер етуі мүмкін.***

***4. Сусыздану: ананың ағзасында сұйықтықтың жетіспеуі амниотикалық сұйықтық көлемінің азаюына әкелуі ықтимал.***

***5. Созылмалы аурулар: қант диабеті немесе гипертония сияқты аурулар да олигогидрамниозды тудыруы мүмкін.***

Алайда, Айшибанум Тұрғынқызы бұл жағдайлар аса қауіп төндірмейтінін баса айтады. Кейбір жағдайларда бұл уақытша және күрделі араласуды қажет етпеуі мүмкін. Дегенмен, мәселені назардан тыс қалдыруға болмайды. Егер олигогидрамнион диагнозы қойылса, себептері мен ықтимал салдарын анықтау үшін дәрігермен кеңесу маңызды.

Олигидрамнион кезінде үнемі медициналық тексеруден өту керек. Ананың да, ұрықтың да жағдайын тұрақты бақылауда ұстау қажет. Дәрігер амниотикалық сұйықтық деңгейін және ұрықтың дамуын бақылау үшін ультрадыбысты зерттеу тағайындауы мүмкін. Пациентке сұйықтықты тұтынуды көбейткен жөн. Дәрігермен сұйықтықты қалай ішу режимін алдын ала талқылап алған дұрыс.

Салауатты өмір салтын ұстану да маңызды. Дұрыс тамақтану және қалыпты жаттығулар жасау жалпы денсаулықты сақтауға көмектеседі. Егер пациентте созылмалы аурулар болса, оны тұрақты бақылап, дәрігердің ұсыныс-кеңестерін орындау қауіптің алдын алуға көмектеседі. Ал егер олигогидрамнион инфекциядан туындаса, міндетті түрде дәрігердің нұсқауы бойынша емделу керек.

Иә, жатыр суының аздығы мұқият бақылауды қажет етеді. Бірақ дүрбелең туғызбай, ең бастысы – тыныштық сақтау және дәрігердің ұсыныстарын мұқият әрі жүйелі орындау маңызды. Бұл орайда, Алматы қаласындағы №4 перзентхананың тәжірибелі, білікті мамандары әйелдерге жүктілік кезінде нені білу, өз-өзіңді қалай ұстау керектігі және басқа да мәселелер жөнінде кеңес айтуға әрқашан дайын.

**Бетті әзірлеген**
**Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

## ҚАУЛЫ

**2024 жылғы 31 қазан №4/530-2223**

# Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Түрксіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 13 қыркүйектегі №27.1-27.07/536-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалану объектісі үшін (аумақты абаттандыру) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын:

1) Гульмаржан Дошиковна Сидагалиеваның Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Асылбеков көшесі, 63 үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-317-009-517), ауданы – 0,0389 га;

2) Лиза Кудайбергеновна Бердихожаеваның Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Асылбеков көшесі, 65 үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-317-009-459), ауданы – 0,0347 га.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Түрксіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Е.ДОСАЕВ**

**2024 жылғы 31 қазан №4/530-2224**

# Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 8 тамыздағы №54.03/33-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Заманауи Конгресс-орталық салу мақсатында Алматы қаласының Медеу ауданында орналасқан жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қыркүйектегі №3/373-1956 қаулысының күші жойылсын.

3. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

4. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

5. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2024 жылғы «31» қазан*
*№4/530-2224 қаулысына қосымша*

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Темир Констракшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-029-950 | Әл-Фараби даңғылы, 34/4 участке | жалпы - 0,1703 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,1314 |
| 2. | «Темир Констракшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-029-865 | Әл-Фараби даңғылы, 34/2 участке | жалпы – 1,3377 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,2486 |

**2024 жылғы 31 қазан №4/530-2225**

# Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №34.1-34/1222-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Хмельницкий көшесін ұзарту үшін Алматы қаласының Медеу және Түрксіб аудандарында орналасқан жер учаскелерін «Қайрат» шағын ауданынан Талғар тас жолына дейін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік етенін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2024 жылғы 31 қазан*
*№4/530-2225 қаулысына қосымша*

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Рахымжанова Райкул Базарбаевна, Бахытбек Нұрислам Жасұланұлы, Бахытбек Нұрасыл Жасұланұлы | 20-315-061-136 | Халиуллин көшесі, 194/10 | жалпы-0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0187 |
| 2. | Думчебаева Гулнара Мукановна | 20-315-061-214 | Халиуллин көшесі, 194/12 | жалпы-0,2621 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1367 |
| 3. | Думчебаева Гулнара Мукановна | 20-315-061-231 | Халиуллин көшесі, 196/7 участке | жалпы-0,2620 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1627 |
| 4. | «МИРАС-СТРОЙ LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-061-372 | Халиуллин көшесі, 196/5 участке | жалпы-0,5196 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4497 |
| 5. | «МИРАС-СТРОЙ LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-061-373 | Халиуллин көшесі, 196/6 участке | жалпы-0,2320 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2018 |
| 6. | «МИРАС-СТРОЙ LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-061-374 | Халиуллин көшесі, 196/21 участке | жалпы-0,2045 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1772 |
| 7. | «МИРАС-СТРОЙ LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-061-375 | Халиуллин көшесі, 196/22 участке | жалпы-0,1239 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1091 |
| 8. | «Time Group Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-061-417 | Халиуллин көшесі, 196/2 участке | жалпы-2,0506 иеліктен шығарылатын ауданы-0,8446 |
| 9. | «Time Group Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-061-418 | Халиуллин көшесі, 196/3 участке | 0,0294 |
| 10. | Мусаева Фюргозаль Мильясовна | 20-315-062-008 | Құлжа трактісі, 58 участке | жалпы-1,3100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,8097 |
| 11. | «Фобос» өндірістік кооператив | 20-315-062-171 | Құлжа трактісі, 58/1 | жалпы-3,5000 иеліктен шығарылатын ауданы-1,0155 |
| 12. | «AVC Production» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-062-198 | Құлжа трактісі, 56/5 | 0,7500 |
| 13. | Ахмедова Феруза Халисовна, Ахмедов Руфат Кенжебекович | 20-315-062-216 | Құлжа трактісі, 56/6 участке | жалпы-6,3400 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5198 |
| 14. | Борщенко Галина Александровна | 20-317-104-031 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 22 участке | 0,0820 |
| 15. | Борщенко Галина Александровна | 20-317-104-042 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 15 участке | 0,0600 |
| 16. | Борщенко Галина Александровна | 20-317-104-071 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 17 участке | 0,0600 |
| 17. | Лызя Татьяна Владимировна | 20-317-104-072 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 18 участке | 0,1000 |
| 18. | Борщенко Галина Александровна | 20-317-104-073 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 16 участке | 0,0600 |
| 19. | Хазаева Анида Сайдахметовна | 20-317-104-074 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 20 участке | 0,0600 |
| 20. | Осекбаева Нурлангуль Картбаевна | 20-317-104-1044 | «Қайрат» шағын ауданы, Новостройка көшесі, 441 | 0,0575 |
| 21. | Борщенко Галина Александровна | 20-317-104-1096 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 44 участке | 0,0328 |
| 22. | «Xelena и Ко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-317-104-1132 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 501 участке | жалпы-3,1591 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5109 |
| 23. | «Xelena и Ко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-317-104-1133 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 501/1 участке | 0,1050 |
| 24. | Илиева Нурсулу Нурпапаевна | 20-317-104-1210 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 655/1 участке | жалпы-1,5432 иеліктен шығарылатын ауданы 0,7655 |
| 25. | Нургалиева Молдир Джуманазаровна | 20-317-104-353 | «Қайрат» шағын ауданы, 22 көшесі, 61 | 0,0600 |
| 26. | Сыртланов Фарид Махмудович | 20-317-104-363 | «Қайрат» шағын ауданы, 22 көшесі, 50 | 0,0600 |
| 27. | Сыртланов Фарид Махмудович | 20-317-104-366 | «Қайрат» шағын ауданы, 23 көшесі, участок 49 | 0,0600 |
| 28. | Омарова Марал Кенесовна | 20-317-104-369 | «Қайрат» шағын ауданы, 22 көшесі, 57 | 0,0600 |
| 29. | Джаппаров Каримжан Ахметжанович | 20-317-104-380 | «Қайрат» шағын ауданы, улица Новостройка, 440 участке | 0,0650 |
| 30. | Кошакаев Талгат Альмишович | 20-317-104-412 | «Қайрат» шағын ауданы, 22 көшесі, 46 | 0,0600 |
| 31. | Сейтханова Айжан Амировна | 20-317-104-450 | «Қайрат» шағын ауданы, 22 көшесі, 59 | 0,0600 |
| 32. | Рахимбаева Зульфия Фариловна | 20-317-104-484 | «Қайрат» шағын ауданы, 22 көшесі, 52 участке | 0,0600 |
| 33. | Бақытнұр Қажымұқан Бақытнұрұлы, Алтажанова Кәмила Исақызы | 20-317-104-632 | «Қайрат» шағын ауданы, 22 көшесі, 48 участке | 0,0600 |
| 34. | Саякова Бинагуль Кадыркуловна, Саяков Баглан Мырзагалиевич | 20-317-104-651 | «Қайрат» шағын ауданы, 23 көшесі, 45 | 0,0600 |
| 35. | Сейтнязов Ярмухамед Султанович | 20-317-104-652 | «Қайрат» шағын ауданы, 23 көшесі, 43 | 0,0600 |
| 36. | «Кселл» акционерлік қоғам | 20-317-104-655 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 655 участке | жалпы-3,2600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,7265 |
| 37. | Утегенов Дидар Турсунгалиевич, Жуманова Ментай Мухаметкалиевна | 20-317-104-688 | «Қайрат» шағын ауданы, 23 көшесі, 28 участке | жалпы-0,0506 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0060 |
| 38. | Осипова Светлана Васильевна, Осипов Максим Геннадьевич | 20-317-104-701 | «Қайрат» шағын ауданы, 23 көшесі, 34 участке | жалпы-0,2500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0909 |
| 39. | Осипова Светлана Васильевна, Осипов Максим Геннадьевич | 20-317-104-702 | «Қайрат» шағын ауданы, 23 көшесі, 32 участке | 0,2500 |
| 40. | Осипова Светлана Васильевна, Осипов Максим Геннадьевич | 20-317-104-705 | «Қайрат» шағын ауданы, 23 көшесі, 30 участке | жалпы-0,2500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1947 |
| 41. | Хасанова Фаридам Камильевна | 20-317-104-712 | «Қайрат» шағын ауданы, 23 көшесі, 47 | 0,0600 |
| 42. | Алаева Турсунай Исраиловна | 20-317-105-043 | «Қайрат» шағын ауданы, Қазанғап көшесі, 27 | 0,0600 |
| 43. | Мұхамедияр Азат Нұржанұлы, Мұхамедияр Альбина Аманжолқызы | 20-317-105-150 | «Қайрат» шағын ауданы, 15 көшесі, 46 участке | 0,0800 |
| 44. | Оразбаева Динара Абаевна | 20-317-105-177 | «Қайрат» шағын ауданы, 517 | жалпы-0,4105 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1217 |
| 45. | Мухамедияр Ерасыл Қадыржанұлы | 20-317-105-215 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 44 участке | 0,0800 |
| 46. | Мухамедияр Ерасыл Қадыржанұлы | 20-317-105-219 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 50 участке | жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0373 |
| 47. | Дуйсенова Гульнар Мухамедияровна | 20-317-105-221 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 48 участке | 0,0800 |
| 48. | Балкенова Гулсара Мырзакадыровна | 20-317-105-239 | «Қайрат» шағын ауданы, 15 көшесі, 39 участке | жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0325 |
| 49. | Балкенова Гулсара Мырзакадыровна | 20-317-105-240 | «Қайрат» шағын ауданы, 15 көшесі, 41 участке | 0,0800 |
| 50. | Балкенова Гулсара Мырзакадыровна | 20-317-105-241 | «Қайрат» шағын ауданы, 15 көшесі, 43 участке | 0,0800 |
| 51. | Мухамедияр Ерасыл Қадыржанұлы | 20-317-105-244 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 46 участке | 0,0800 |
| 52. | Кайшибаева Гульназ Смагуловна | 20-317-105-265 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 49 участке | жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0258 |
| 53. | Мұхамедияр Азат Нұржанұлы, Мұхамедияр Альбина Аманжолқызы | 20-317-105-267 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 43 участке | 0,0800 |
| 54. | Мұхамедияр Азат Нұржанұлы, Мұхамедияр Альбина Аманжолқызы | 20-317-105-270 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 41 участке | жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0332 |
| 55. | Кайшибаева Гульназ Смагуловна | 20-317-105-279 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 45 участке | 0,0800 |
| 56. | Кайшибаева Гульназ Смагуловна | 20-317-105-280 | «Қайрат» шағын ауданы, 16 көшесі, 47 участке | 0,0800 |
| 57. | Мұхамедияр Азат Нұржанұлы, Мұхамедияр Альбина Аманжолқызы | 20-317-105-290 | «Қайрат» шағын ауданы, 14 көшесі, 45 участке | 0,0400 |
| 58. | «Oil Real Estate» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-317-105-321 | «Қайрат» шағын ауданы, 137/1 участке | жалпы-30,0000 иеліктен шығарылатын ауданы-1,7031 |
| 59. | Кашаганова Айманкул Кунтубаевна | 20-317-105-336 | «Қайрат» шағын ауданы, Қазанғап көшесі, 28 участке | 0,0700 |
| 60. | Баубекова Ольга Петровна | 20-317-106-049 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 196 | жалпы-1,6948 иеліктен шығарылатын ауданы-1,3675 |
| 61. | «Сармат Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-317-106-309 | «Қайрат» шағын ауданы, 135/1 участке | жалпы-2,7017 иеліктен шығарылатын ауданы-1,7357 |
| 62. | «Сармат Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-317-106-311 | «Қайрат» шағын ауданы, 135/3 участке | жалпы-0,0844 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0147 |
| 63. | Сафронов Александр Иванович, Мажитова Милавша Рашитовна | 20-317-106-315 | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 19/3 | жалпы-0,3867 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1629 |

*(Жалғасы 14-бетте)*

## ҚАУЛЫ

**2024 жылғы 31 қазан №4/530-2226**

# Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №34.1-34/1268-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұқанов көшесін Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейін ұзарту үшін Алматы қаласы, Алмалы ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2024 жылғы 31 қазан*
*№4/530-2226 қаулысына қосымша*

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Караева Зумрад Юсуповна | 20-311-023-019 | Мұқанов көшесі, 125А | 0,0368 |
| 2 | Голенко Анатолий Викторович | 20-311-023-027 | Мұқанов көшесі, 70А | 0,0420 |
| 3 | Гафурова Татьяна Владимировна | 20-311-023-029 | Мұқанов көшесі, 62 | жалпы-0,0737 үлесі-0,0209 |
| 4 | Айткулова Виктория Сатбековна | 20-311-023-029 | Мұқанов көшесі, 62 | жалпы-0,0737 үлесі-0,0275 |
| 5 | Воробьева Наталья Анатольевна, Ткаченко Вячеслав Анатольевич | 20-311-023-029 | Мұқанов көшесі, 60/1 | жалпы-0,0737 үлесі-0,0100 үлесі-0,0069 |
| 6 | Тоқтархан Райла, Бибрал Ерман Нұрланұлы, Бибрал Айман Нұрланқызы | 20-311-023-041 | Мұқанов көшесі, 151, 1 корпус | жалпы-0,0905 үлесі-0,0363 |
| 7 | Дарменов Амир Муртазаұлы | 20-311-023-041 | Мұқанов көшесі, 151 | жалпы-0,0905 үлесі-0,0223 |
| 8 | Менджею Сания Вангаровна, Менджею Аким Вангарович, Менджею Анвар Мухамедович, Минжию Тажиниса Искаковна, Минжию Адалятхан Искаковна | 20-311-023-056 | Мұқанов көшесі, 121 | 0,0698 |
| 9 | Голенко Анатолий Викторович | 20-311-023-095 | Мұқанов көшесі, 72 | жалпы-0,0454 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0107 |
| 10 | Сулейманова Лейла Юсуповна | 20-311-023-097 | Жібек жолы даңғылы, 177 | жалпы-0,0454 үлесі-0,0187 |
| 11 | Толеубекова Жанар Ибадилдаевна | 20-311-023-097 | Жібек жолы даңғылы, 177 | жалпы-0,0454 үлесі-0,0267 |
| 12 | Кирьянова Нина Низахуновна | 20-311-023-108 | Мұқанов көшесі, 139 | 0,0741 |
| 13 | Куртенок Олег Сергеевич | 20-311-023-151 | Мұқанов көшесі, 127 | 0,0477 |
| 14 | «Family center» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-023-193 | Мұқанов көшесі, 123 | 0,0886 |
| 15 | «Компания «Алматы-Строй-Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-023-197 | Мұқанов көшесі, 109 | 0,0555 |
| 16 | «Компания «Алматы-Строй-Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-023-222 | Мұқанов көшесі, 147 | жалпы-0,1499 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0631 |
| 17 | Новик Елена Юрьевна | 20-311-023-244 | Мұқанов көшесі, 115 | жалпы-0,1025 үлесі-0,0537 |
| 18 | Новик Елена Юрьевна | 20-311-023-244 | Мұқанов көшесі, 115 | жалпы-0,1025 үлесі-0,0244 |
| 19 | «Компания «Алматы-Строй-Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-023-244 | Мұқанов көшесі, 115 | жалпы-0,1025 үлесі-0,0244 |
| 20 | Чернышова Евгения Борисовна | 20-311-023-253 | Мұқанов көшесі, 60 | 0,0227 |
| 21 | Москаленко Валентина Ивановна | 20-311-023-272 | Мұқанов көшесі, 58Б | 0,0549 |
| 22 | Авакян Надежда Николаевна | 20-311-023-277 | Мұқанов көшесі, 117 | 0,0912 |
| 23 | Столяров Александр Васильевич | 20-311-023-287 | Мұқанов көшесі, 64 | жалпы-0,0848 үлесі-0,0424 |
| 24 | Жанысбеков Бакыт Медеубаевич | 20-311-023-287 | Мұқанов көшесі, 66 | жалпы-0,0848 үлесі-0,0212 |
| 25 | Жандарбекова Ботагоз Хамитжановна, Жандарбеков Аблай Шернаевич | 20-311-023-287 | Мұқанов көшесі, 66 | жалпы-0,0848 үлесі-0,0212 |
| 26 | Бутин Сергей Петрович | 20-311-023-105 | Жібек жолы даңғылы, 198/68 | жалпы-0,1111 үлесі-0,0511 |
| 27 | Пирожков Владимир Владимирович | 20-311-023-105 | Жібек жолы даңғылы, 198/68 | жалпы-0,1111 үлесі-0,0680 |
| 28 | Кантуринова Айнур Даулетовна, Кантуринов Ерлан Байдуллаевич | 20-311-023-294 | Мұқанов көшесі, 143 | жалпы-0,0882 үлесі-0,0435 |
| 29 | Кантуринова Сабина Ерлановна | 20-311-023-294 | Мұқанов көшесі, 143 | жалпы-0,0882 үлесі-0,0447 |
| 30 | Ткачева Вера Васильевна | 20-311-023-296 | Мұқанов көшесі, 145 | жалпы-0,0809 үлесі-0,0223 |
| 31 | Ткачева Татьяна Николаевна | 20-311-023-296 | Мұқанов көшесі, 145 | жалпы-0,0809 үлесі-0,0222 |
| 32 | «Компания «Алматы-Строй-Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-023-296 | Мұқанов көшесі, 145А | жалпы-0,0809 үлесі-0,0364 |
| 33 | Сарсембаев Изтлеу Арынович, Суранчина Алма | 20-311-023-309 | Мұқанов көшесі, 58 | 0,0492 |
| 34 | Голенко Анатолий Викторович | 20-311-023-310 | Мұқанов көшесі, 70 | жалпы-0,0758 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0270 |
| 35 | Животов Юрий Федорович | 20-311-023-320 | Мұқанов көшесі, 141 | 0,0881 |
| 36 | Культуманов Калькен Турарович, Культуманов Руслан Калькенович, Культуманова Карлыгаш Калькеновна, Культуманов Еркын Калькенович | 20-311-023-336 | Мұқанов көшесі, 56 | жалпы-0,0717 үлесі-0,0430 |
| 37 | Культуманов Даулет Рахимович | 20-311-023-336 | Мұқанов көшесі, 56 | жалпы-0,0717 үлесі-0,0144 |
| 38 | Ускенбаева Эльвира Леоновна | 20-311-023-336 | Мұқанов көшесі, 56 | жалпы-0,0717 үлесі-0,0143 |
| 39 | Шаммыева Айгуль Узакбаевна | 20-311-041-004 | Моңғол көшесі, 65, 1 пәтер | жалпы-0,0810 үлесі-0,0284 |
| 40 | Якупова Майя Арипжановна | 20-311-041-004 | Моңғол көшесі, 65 | жалпы-0,0810 үлесі-0,0359 |
| 41 | Якупов Махамеджан Рабитович | 20-311-041-004 | Моңғол көшесі, 65 | жалпы-0,0810 үлесі-0,0076 |
| 42 | Айтжанова Рыскул Ергешовна, Умаров Калила Нематович | 20-311-041-011 | Моңғол көшесі/ Есентай көшесі, 63/54 | 0,0504 |
| 43 | Амельченко Юрий Николаевич | 20-311-041-021 | Моңғол көшесі, 67, 2 пәтер | жалпы-0,0491 үлесі-0,0193 |
| 44 | Мирзаева Гулара | 20-311-041-021 | Моңғол көшесі, 67 | жалпы-0,0491 үлесі-0,0298 |
| 45 | Найманова Перизат Хасеновна | 20-311-041-024 | Есентай көшесі, 36 | 0,0273 |
| 46 | Райбеков Толеген Арыкович | 20-311-041-026 | Есентай көшесі, 45 | 0,01 |
| 47 | Карасаев Айдын Бескемпирович | 20-311-041-027 | Есентай көшесі, 34 | жалпы-0,0253 үлесі-0,0177 |
| 48 | Тагибеков Еркин Байбалаевич | 20-311-041-027 | Есентай көшесі, 34 | жалпы-0,0253 үлесі-0,0076 |
| 49 | Чамбасов Едильбай Кермегалиевич | 20-311-041-037 | Есентай көшесі, 26 | жалпы-0,0315 үлесі-0,0041 |
| 50 | Чамбасов Едильбай Кермегалиевич | 20-311-041-037 | Есентай көшесі, 26 | жалпы-0,0315 үлесі-0,0274 |
| 51 | Дадаев Нурлан Базилжанович | 20-311-041-039 | Есентай көшесі, 22 | жалпы-0,0316 үлесі-0,0138 |
| 52 | Ташенова Асель Торебековна | 20-311-041-039 | Есентай көшесі, 22 | жалпы-0,0316 үлесі-0,0178 |
| 53 | Гребенникова Любовь Федоровна, Гребенникова Лидия Владимировна, Гребенников Алексей Федорович | 20-311-041-044 | Моңғол көшесі, 1 | 0,0335 |
| 54 | Стрельникова Светлана Анатольевна | 20-311-041-051 | Моңғол көшесі, 55 | 0,093 |
| 55 | Хамитов Равиль Анварович | 20-311-041-050 | Моңғол көшесі, 32А | 0,0498 |
| 56 | Жолдасбекова Нәзира Султабекқызы | 20-311-041-052 | Моңғол көшесі, 28 | жалпы-0,0803 үлесі-0,0525 |
| 57 | Туебаев Ермек Каликанович, Туебаева Мунира Нуртдиновна | 20-311-041-052 | Моңғол көшесі, 28 | жалпы-0,0803 үлесі-0,0278 |
| 58 | «JM-Auto» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-041-054 | Есентай көшесі, 20 | 0,0412 |
| 59 | Сулейменов Абай Кенесбаевич | 20-311-041-055 | Есентай көшесі, 67/145а | жалпы-0,0637 үлесі-0,0212 |
| 60 | Мырзабекова Гулбагила Тазабековна | 20-311-041-055 | Есентай көшесі, 67/145а | жалпы-0,0637 үлесі-0,0424 |
| 61 | Жапарова Тыныштық | 20-311-041-060 | Моңғол көшесі, 39А | жалпы-0,0393 үлесі-0,0059 үлесі-0,0079 |
| 62 | Есикбаева Раушан | 20-311-041-060 | Моңғол көшесі, 39А | жалпы-0,0393 үлесі-0,0058 |
| 63 | Сманов Сырым Молдалиевич | 20-311-041-060 | Моңғол көшесі, 39В | жалпы-0,0393 үлесі-0,0196 |
| 64 | Рогожкина Галина Юрьевна | 20-311-041-063 | Мұратбаев көшесі, 64 | 0,0429 |
| 65 | Кенгирбаева Айгуль Дюсембаевна | 20-311-041-066 | Мұратбаев көшесі, 64 | 0,0148 |
| 66 | Набокова Елена Николаевна, Момот Александр Анатольевич | 20-311-041-070 | Есентай көшесі, 42 | жалпы-0,0486 үлесі-0,0143 |
| 67 | Абселемова Казижамал Хайруллиновна | 20-311-041-070 | Есентай көшесі, 42 | жалпы-0,0486 үлесі-0,0343 |
| 68 | Телағыс Жұлдызай Ерікқызы | 20-311-041-071 | Моңғол көшесі, 14 | 0,0371 |
| 69 | Мансурова Рахилям, Масимов Анвар Магаметович | 20-311-041-078 | Есентай көшесі, 41 | жалпы-0,0771 үлесі-0,0385 |
| 70 | Бажанова Лариса Юрьевна | 20-311-041-078 | Есентай көшесі, 41 | жалпы-0,0771 үлесі-0,0386 |
| 71 | Зекки Стефано | 20-311-041-082 | Есентай көшесі, 57Б | 0,0716 |
| 72 | Жексембинов Маулен Оспанович | 20-311-041-088 | Есентай көшесі, 50 | жалпы-0,0326 үлесі-0,0120 |
| 73 | Савурхаджаев Сайфутдин Эркинович | 20-311-041-088 | Есентай көшесі, 50 | жалпы-0,0326 үлесі-0,0137 |
| 74 | Салихова Людмила Александровна | 20-311-041-088 | Есентай көшесі, 50 | жалпы-0,0326 үлесі-0,0069 |
| 75 | Управителева Людмила Николаевна, Управителева Ольга Викторовна | 20-311-041-092 | Благовещенский тар көшесі, 1А | жалпы-0,0526 үлесі-0,0350 |
| 76 | Удальцов Александр Гаврилович | 20-311-041-092 | Благовещенский тар көшесі, 1А | жалпы-0,0526 үлесі-0,0176 |
| 77 | Кусаинов Болаткан Аскенович | 20-311-041-109 | Есентай көшесі, 40, 2 пәтер | жалпы-0,0393 үлесі-0,0139 |
| 78 | Илахунова Фатима Ярмухаметовна | 20-311-041-109 | Есентай көшесі, 40 | жалпы-0,0393 үлесі-0,0174 |
| 79 | «Sinooil» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-041-118 | Райымбек даңғылының оңтүстігінде, Бөкейханов көшесінің қиылысы | 0,1593 |
| 80 | Ахунджанова Рызван Ахметовна | 20-311-041-131 | Моңғол көшесі, 49 | жалпы-0,0751 үлесі-0,0451 |
| 81 | Ахунджанова Силим Махамедовна | 20-311-041-131 | Моңғол көшесі, 49 | жалпы-0,0751 үлесі-0,0300 |
| 82 | Омирбеков Кали Муханович | 20-311-041-132 | Моңғол көшесі, 43 | 0,0590 |
| 83 | Мендыгалиева Сауле Кенжебекқызы | 20-311-041-152<br>20-314-016-152 | Моңғол көшесі, 22 | 0,0367 |
| 84 | Бобошко Александр Игоревич | 20-311-041-155<br>20-314-016-155 | Есентай көшесі, 55 | жалпы-0,0502 үлесі-0,0212 |
| 85 | Мальцева Клавдия Григорьевна | 20-311-041-163 | Есентай көшесі, 57А | жалпы-0,1019 үлесі-0,0180 |
| 86 | Лекеров Нурлан Мийрамович, Лекерова Дарига Искаковна | 20-311-041-163<br>20-314-016-163 | Есентай көшесі, 57А, 3 пәтер | жалпы-0,1019 үлесі-0,0088 |
| 87 | Төлеубай Ерлан, Оразанбек Гүлманар | 20-311-041-163<br>20-314-016-163 | Есентай көшесі, 57А | жалпы-0,1019 үлесі-0,0088 |
| 88 | Воробьева Наталья Викторовна, Воробьева Влада Владимировна | 20-311-041-163<br>20-314-016-163 | Есентай көшесі, 57А | жалпы-0,1019 үлесі-0,0059 |
| 89 | Исламов Ренат Ильич | 20-311-041-163<br>20-314-016-163 | Есентай көшесі, 57А, 4 пәтер | жалпы-0,1019 үлесі-0,0250 |
| 90 | Приказчиков Виктор Леонидович | 20-311-041-163<br>20-314-016-163 | Есентай көшесі, 57А | жалпы-0,1019 үлесі-0,0050 |
| 91 | Прокопьева Ольга Николаевна | 20-311-041-163<br>20-314-016-163 | Есентай көшесі, 57А | жалпы-0,1019 үлесі-0,0155 |
| 92 | Арынова Гулжазира Бериковна | 20-311-041-163<br>20-314-016-163 | Есентай көшесі, 57А, 2 корпус | жалпы-0,1019 үлесі-0,0045 |
| 93 | Турганов Муслим Курванжанович | 20-311-041-167<br>20-314-016-167 | Есентай көшесі, 51 | 0,0729 |
| 94 | Казеев Иван Евгеньевич | 20-311-041-171 | Моңғол көшесі, 24 | 0,0903 |
| 95 | Самарханов Дулат Алимгазыевич | 20-311-041-181 | Моңғол көшесі, 13 | 0,0667 |
| 96 | Бурова Наталья Владимировна | 20-311-041-182<br>20-314-016-182 | Есентай көшесі, 49 | 0,0776 |
| 97 | Елеусинова Жанна Ербулатовна | 20-311-041-192 | Есентай көшесі, 65 | жалпы-0,0577 үлесі-0,0144 |
| 98 | Абайдуллаева Ольга Андреевна | 20-311-041-192 | Есентай көшесі, 65 | жалпы-0,0577 үлесі-0,0086 |
| 99 | Кожаева Есенкул | 20-311-041-192 | Есентай көшесі, 65 | жалпы-0,0577 үлесі-0,0145 |
| 100 | Картбаев Мерей Казыбекович | 20-311-041-192 | Есентай көшесі, 65 | жалпы-0,0577 үлесі-0,0145 |
| 101 | Ходжамберидиев Алмахун Музапарович | 20-311-041-202 | Моңғол көшесі, 53 | 0,062 |
| 102 | Храповицкая Лариса Юрьевна | 20-311-041-205<br>20-314-016-205 | Моңғол көшесі, 16А | жалпы-0,0826 үлесі-0,0370 |
| 103 | Журавлева Анна Григорьевна | 20-311-041-205<br>20-314-016-205 | Моңғол көшесі, 16А | жалпы-0,0826 үлесі-0,0456 |
| 104 | Велиев Хусейн Нураддин оглы | 20-311-041-206 | Моңғол көшесі, 39 | жалпы-0,0469 үлесі-0,0097 |
| 105 | Каратаева Айжан Айтбековна | 20-311-041-206 | Моңғол көшесі, 39 | жалпы-0,0469 үлесі-0,0097 |
| 106 | Асматуллаева Зульфия Фархатовна | 20-311-041-206 | Моңғол көшесі, 39 | жалпы-0,0469 үлесі-0,0053 |
| 107 | Амраев Турсунжан Аблимитович | 20-311-041-206 | Моңғол көшесі, 39 | жалпы-0,0469 үлесі-0,0106 |
| 108 | Сулейманова Разиям | 20-311-041-206 | Моңғол көшесі, 39 | жалпы-0,0469 үлесі-0,0160 |
| 109 | Турапова Айжан Айтбековна | 20-311-041-206<br>20-314-016-206 | Моңғол көшесі, 39 | 0,0469 |
| 110 | Сатымбаева Гулмира Абдигалиевна | 20-311-041-211<br>20-314-016-211 | Моңғол көшесі, 20 | 0,0985 |
| 111 | Адаричев Алексей Александрович | 20-311-041-215 | Моңғол көшесі, 27 | жалпы-0,0242 үлесі-0,0049 |
| 112 | Адаричев Павел Александрович | 20-311-041-215 | Моңғол көшесі, 27 | жалпы-0,0242 үлесі-0,0193 |
| 113 | Стрельникова Светлана Анатольевна | 20-311-041-217<br>20-314-016-217 | Есентай көшесі, 50Б | 0,0193 |
| 114 | Сарсенбаев Баурджан Асанович, Мамытбеков Жигер Жарасович | 20-311-041-222<br>20-314-016-222 | Моңғол көшесі, 45 | жалпы-0,0576 үлесі-0,0367 |
| 115 | Абдикаримов Джаксылык | 20-311-041-222 | Моңғол көшесі, 45 | жалпы-0,0576 үлесі-0,0209 |
| 116 | Стихиляс Галина Ивановна, Васюченко Татьяна Александровна | 20-311-041-223 | Есентай көшесі, 53 | 0,0682 |
| 117 | Нуртаев Аниярбек Иркенович | 20-311-041-225<br>20-314-016-225 | Есентай көшесі, 24 | жалпы-0,0338 үлесі-0,0174 |
| 118 | Змейков Игорь Дмитриевич | 20-311-041-225 | Есентай көшесі, 24 | жалпы-0,0338 үлесі-0,0164 |
| 119 | Джамалов Джалалдин | 20-311-041-235<br>20-314-016-235 | Есентай көшесі, 38 | жалпы-0,0319 үлесі-0,0226 |
| 120 | Осипова Людмила Анатольевна | 20-311-041-235<br>20-314-016-235 | Есентай көшесі, 38 | жалпы-0,0319 үлесі-0,0139 |
| 121 | Мусаев Харсан Мусаевич, Мусаева Айгуль Ханибековна | 20-311-041-261 | Есентай көшесі, 54 | 0,0331 |
| 122 | Волков Станислав Геннадьевич | 20-311-041-272 | Моңғол көшесі, 26 | 0,0953 |
| 123 | Гончарова Зоя Викторовна | 20-311-041-275 | Моңғол көшесі, 34 | жалпы-0,0799 үлесі-0,0352 |
| 124 | Кудиярова Анна Мергенбаевна | 20-311-041-275 | Моңғол көшесі, 34 | жалпы-0,0799 үлесі-0,0447 |
| 125 | Бакрамова Рошангул Мансуровна | 20-311-041-296 | Моңғол көшесі, 25 | 0,0289 |
| 126 | Кадыров Сухрап Садырович | 20-311-041-297 | Моңғол көшесі, 47 | жалпы-0,0598 үлесі-0,0200 |
| 127 | Мамедова Хатун Идрисовна | 20-311-041-297 | Моңғол көшесі, 47 | жалпы-0,0598 үлесі-0,0398 |
| 128 | Накенова Райкуль Умаровна | 20-311-041-300 | Моңғол көшесі, 51 | жалпы-0,0700 үлесі-0,0247 |
| 129 | Карамурзаева Нургуль Умаровна | 20-311-041-300 | Моңғол көшесі, 51 | жалпы-0,0700 үлесі-0,0214 |
| 130 | Абдрахманов Кайратбек Бектурарович | 20-311-041-300 | Моңғол көшесі, 51 | жалпы-0,0700 үлесі-0,0239 |
| 131 | Кудреватов Михаил Михайлович | 20-311-041-317 | Моңғол көшесі, 16 | жалпы-0,0269 үлесі-0,0015 |
| 132 | Максутова Айнур Онгарбаевна | 20-311-041-317 | Моңғол көшесі, 16 | жалпы-0,0269 үлесі-0,0116 |
| 133 | Ихласов Исагали Ергалиевич | 20-311-041-317 | Моңғол көшесі, 16, 2 пәтер | жалпы-0,0269 үлесі-0,0138 |
| 134 | Нуркалиева Лаура Жазушиевна | 20-311-041-337 | Есентай көшесі, 44 | 0,0319 |
| 135 | Ленец Людмила Юрьевна | 20-311-041-339 | Моңғол көшесі, 19 | 0,015 |
| 136 | Кокебаева Гульнара Толепбаевна | 20-311-041-343 | Мақатаев көшесі/ Есентай көшесі, 145/56 | 0,0408 |
| 137 | Чирсков Александр Иванович | 20-311-041-349 | Моңғол көшесі, 32 | 0,0578 |
| 138 | Ким Антон Святославович, Ким (Чигарева) Анна Святославовна | 20-311-041-356 | Есентай көшесі, 59 | жалпы-0,0458 үлесі-0,0152 |
| 139 | Гусева Ольга Ивановна | 20-311-041-356 | Есентай көшесі, 59 | жалпы-0,0458 үлесі-0,0306 |
| 140 | Нохрина Людмила Григорьевна | 20-311-041-363 | Есентай көшесі, 39 | 0,1072 |
| 141 | Ледовских Наталья Михайловна | 20-311-041-367 | Есентай көшесі, 57В | 0,0668 |
| 142 | Шилманбетов Мусабек Ашимович | 20-311-041-371 | Моңғол көшесі, 19А | 0,0498 |
| 143 | Филь Виктор Алексеевич | 20-311-041-372 | Есентай көшесі, 37 | жалпы-0,0999 үлесі-0,0400 |
| 144 | Филь Николай Алексеевич | 20-311-041-372 | Есентай көшесі, 37 | жалпы-0,0999 үлесі-0,0599 |
| 145 | Османов Руслан Камердинович | 20-311-041-382 | Есентай көшесі, 59А | жалпы-0,0575 үлесі-0,0096 |
| 146 | Низамединова Ажарбуви | 20-311-041-382 | Есентай көшесі, 59А | жалпы-0,0575 үлесі-0,0191 |
| 147 | Касымов Нариман Камердинович | 20-311-041-382 | Есентай көшесі, 59А | жалпы-0,0575 үлесі-0,0097 |
| 148 | Касымова Камилям Камердиновна | 20-311-041-382 | Есентай көшесі, 59А | жалпы-0,0575 үлесі-0,0191 |
| 149 | Османов Руслан Камердинович | 20-311-041-382 | Есентай көшесі, 59А | жалпы-0,0575 үлесі-0,0096 |
| 150 | Умарбаев Батырхан Закиржанович, Умарбаев Кахарман Закиржанович, Умарбаева Курванбуви Закиржановна, Умарбаева Марьям Абдраимовна, Сатыбалдиева Мухабат Закиржановна | 20-311-041-389 | Моңғол көшесі, 35 | жалпы-0,0673 үлесі-0,0443 |
| 151 | Юсупова Гули Абдрахмановна | 20-311-041-389 | Моңғол көшесі, 35 | жалпы-0,0673 үлесі-0,0230 |
| 152 | Ниязов Фархат Абейевич, Ниязова Бибинур Абеевна, Ниязова Фарида Абейевна, Ниязов Хабибулла Абеевич | 20-311-041-423 | Моңғол көшесі, 41-41А | 0,058 |
| 153 | Наумова Татьяна Ивановна | 20-311-041-431 | Моңғол көшесі, 21 | 0,0296 |
| 154 | Ковалько Валерия Андреевна | 20-311-041-448 | Есентай көшесі, 48 | 0,0451 |
| 155 | Мирзаева Саяна Адилхановна | 20-311-041-450 | Есентай көшесі, 28 | жалпы-0,0317 үлесі-0,0175 |
| 156 | Курбанова Рызвангули Максутовна | 20-311-041-450 | Есентай көшесі, 28 | жалпы-0,0317 үлесі-0,0142 |
| 157 | Сатинбаев Акимжан Садыкович | 20-311-041-453 | Есентай көшесі, 63 | жалпы-0,0766 үлесі-0,0155 |
| 158 | Шаудинова Нигара Ахметжановна, Сатинбаева София Ахметжановна | 20-311-041-453 | Есентай көшесі, 63 | жалпы-0,0766 үлесі-0,0155 |
| 159 | Кахарова Розагуль Баранбаевна | 20-311-041-453 | Есентай көшесі, 63 | жалпы-0,0766 үлесі-0,0300 |
| 160 | Сатинбаева Арзигуль Садыковна | 20-311-041-453 | Есентай көшесі, 63 | жалпы-0,0766 үлесі-0,0155 |
| 161 | Ибрагимова Разия Хасановна | 20-311-041-471 | Есентай көшесі, 61 | 0,0475 |
| 162 | Джалилов Акимжан Рустамбекович | 20-311-041-484 | Есентай көшесі, 46 | 0,035 |
| 163 | Королева Анна Викторовна, Королёв Александр Викторович, Чурикова Наталья Викторовна | 20-311-041-516 | Моңғол көшесі, 22А | 0,0278 |
| 164 | Дильдабаева Мадина Умербековна | 20-311-041-551 | Моңғол көшесі, 59 | 0,0828 |

# «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

## 2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

**«ALMATY AQSHAMY»** – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

**«ALMATY AQSHAMY»** жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

### «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)** 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)** 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

**Құрметті оқырмандар!**

**«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.


ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

# «БОЗҚЫРАУ» БОЙ КӨРСЕТТІ

## Қазекең қараша айын осылай деп те атаған

**Қараша – күздің соңғы айы. Қазекең Бозқырау, Қауыс деп атаған. Түрлі жағдайлар мен себептердің салдарынан ай аты амалға ауысып кеткен көрінеді. Қарашаның жамау-жасқау деген де атауы бар. Сондықтан бұл айдың бойында өзге айлар мен амалдардың да белгісі (ыстық, суық, жел, ызғар, т.б.) жоқ емес. Күздің біраз амалы артта қалды. Өткен пайымымызда айтқанымыздай, енді жауын-шашын, ызғырық жел көрініс бере бастайды.**

**Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Әдетте Қарашаның басында қар жауып, күшті жел тұратыны белгілі. Биыл желкенді жел мен жауын-шашын, салқын ызғар көрініс берді. Алматының төңірегінде қар ұшқындап, боз қырау түсті. «Ала қанат» амалы байқалды. Бір аумаққа жауып, екінші бір аумаққа жаумай ала түскен қарды қазекең осылай деп атаған.

Қарашаның амалы аз емес. Ай туысымен құстар жылы жаққа қайтады. Алғашқы қар түседі, күн суытады, өзен, көлде мұз қатады. Бұл кезді «қарашаның қайтуы» деп атаған. «Бозқырау» амалы келеді. Ол айдың 10 жаңасынан 15 жаңасына дейін жалғасады. Кей өңірлерде бұл бок пен қырау деген сөзден құралған (Боқырау) деседі. Боққа (тезек-жапаға) – жылқының түнгі құмалағына қатқан қырау. Бұл кезде биенің ішіндегі құлын көлденең жатпағандықтан, әрі жылқы түнде де жайылатындықтан қырау түскен шөпті жеген бие құлын тастайды, сондықтан жылқышылар жылқыны күнгейге қайырып, сол жерде бағады.

Айдың қытымыр амалының бірі – «Қауыс». Басқаша аталуы: ақ қар. Осы кезде жауған қар жеңіл әрі жұмсақ болады. «Қауыстың» соңынан іле-шала «Үлкен қараша» амалы көрініс береді. Ол алдағы қыстың хабаршысы.

Амал кезінде қыстаулық үйлерді бүтіндейді. Қыстан аман өте алатын қозы, бұзауларды іріктеп, қалған арық-тұрақ қозы, торпақтарды сатады.

«Қарашада қауыс бар, кәрі-құртаңды тауысар», «Қараша-қауыс, кәрілерді тауыс», «Қарашада қар жатпайды, қар жатса тек жатпайды», т.б. амал туралы мақалдар халық арасында сақталған. Осы мезгілде бұғы жарап, қоң жинап үйірге түсе бастайды. Бұғы үйірге тез түсе күз ұзаққа созылмайды, ал қыс уақытысында түседі.

Ертеде салық малы осы айда жиналатын болған. Оны халық қараж-шы, яғни қаражат жинаушы деп атап, ақыры ол ай атына айналып (қараша болып) қалыптасып кеткен көрінеді.

Қарашада жер оты азайып, тақырланып, күн суытады. Қара жердегі суықты жұрт қарасуық дейді. Жұрт қыс қамын аяқтап болады. Қар түсе бастайды, мұны халық қаршаның қары деп атайды. Қазақтар күздік сойып алады.

Бүгін қолданыстағы григориан есебі қарашаның бірінші санын көрсетіп тұр. Ай жүйесі бойынша, қазан айының – 29-ы. Қазақы есепке (ескіше) сүйенсек, қараша айының басталуына аттай 13 күн қалды. Осы мезгілде ауа райында өзгеріс орын алады. Алда жоғарыда айтқан амалдар өз ретімен келе береді. Бұлардың бәрі қыстың алғашқы хабаршысы іспетті өзімен бірге қар, дауыл, ызғар ала келетін суық амалдар...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

**Табиғат амалдарына қарап жасалған жорамал:**

**** Құйын көп болса, қыс аязды болады. Жаз бен күз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.***

**** Бұлт желге қарай көшетін болса, ұзамай жаңбыр жауады.***

**** Тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.***

**** Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.***

АУДИТ

# БАҚЫЛАУ ТИІМДІЛІГІ: АЛМАТЫДАҒЫ АУДИТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**2024 жылдың 9 айында Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 29 аудиттік іс-шара жүргізіп, нәтижесінде жалпы сомасы 192 738,4 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды.**

Бұған 3 645,9 млн теңге мөлшеріндегі қаржылық бұзушылықтар және 189 092,5 млн теңге мөлшеріндегі рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, оның ішінде 4 464,5 млн теңге мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын бұзушылықтар жатады.

Қабылданған шаралар аясында бюджетке 146,9 млн теңге қайтарылды және қалпына келтірілді.

Аудит материалдары 16 419,9 млн теңге сомасына құқық қорғау органдарына қосымша қарауға жіберілді.

Аудиторлық іс-шаралар нәтижесінде 92,8 млн теңге сомасына 865 әкімшілік іс қозғалды, оның 90,2 млн теңгесі немесе 97,1% бюджет кірісіне өндірілді.

Камералдық бақылау мемлекеттік сатып алуларды 2 496 200,4 млн теңге көлемінде қамтыды. Анықталған бұзушылықтар бойынша 4577 бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жіберілді.

Анықталған бұзушылықтардың негізгі себептері Қазақстан Республикасының бюджетті орындау саласындағы заңнама нормаларын сақтамау болып табылады. Бұл өз кезегінде бюджеттің әзірленуі мен орындалуында қателіктерге, сондай-ақ бюджеттік қаражат пен мемлекеттік активтердің тиімсіз пайдаланылуына әкеледі.

Қызметтің тиімділігін арттыру және жетілдіру мақсатында мекеме басшылары мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиісті ұсынымдар жіберілді. Бұл шаралар бюджеттік қаражат пен мемлекеттік активтерді пайдаланудағы ашықтықты, тиімділікті және жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

**Алматы қаласы бойынша**
**Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.**

ХАБАРЛАНДЫРУ


**«Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығына қатысушыларды айқындау бойынша тендер өткізілетіні туралы хабарлайды**

**Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №508 бұйрығымен бекітілген коммуналдық қалдықтарды басқару Қағидаларының 37-тармағына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығына қатысушыларды айқындау бойынша тендер өткізіледі.**

**Тендерге – коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар жіберіледі.**

**Тендерлік құжаттаманың көшірмелері мына мекенжай бойынша беріледі: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, №412 кабинет.**

**Конверттерге мөрленген тендерге қатысуға өтінімдерді тендерге қатысушылар 15 (он бес) жұмыс күні ішінде «Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы» КММ-ге мына мекенжай бойынша ұсынады (жібереді): Алматы қаласы, Республика алаңы, 4.**

**Өтінімді берудің (жіберудің) соңғы мерзімі 2024 жылғы 21 қарашасы, сағат 13.00-ге дейін.**

**Өтінімдерді тендерлік комиссия 10 (*он*) жұмыс күні ішінде қарайтын болады.**

**Тендерлік комиссияның Уәкілетті төрағасы: А.Е.ӘБДІҚАДЫРОВ.**
**Байланыс деректері: +7 705 799 91 34.**



ALATAU AQPARAT

Бас директор –
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**
**Қабылдау бөлмесі:**
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
**Төрехан ДАНИЯР**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
**Серік ЖҰМАБАЕВ**
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел: 293-08-12. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

**«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз**

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alataý Aqparat» ЖШС.**
E-mail:
**alatauaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)**

**Кезекші редактор –**
**Рая ЕСКЕНДІР**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

## ЕҢБЕК АДАМЫ – 2024




**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында қарапайым еңбек адамына құрмет көрсету керек екенін баса айтты. «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды», – деді Презедент. Мемлекет басшысы айтқандай, қанша жылдан бері адал жұмыста аянбай тер төгіп, халқына қызмет етіп келе жатқан еңбек адамдары еліміздің оңтүстік астанасы – Алматыда да баршылық. Атап айтқанда, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының тізіміне енген тәжірибелі мамандардың бірі – Рая ЕСКЕНДІР.**

# РАЯ ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ:
# МАМАНДЫҒЫММЕН МАҚТАНАМЫН

Журналистика саласында 30 жылға жуық еңбек етіп келе жатқан ол Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Байқадам ауылында дүниеге келген. Бүгінгі медиа маманның бұл салаға қызығушылығы бала кезінде оянған, кейіпкердің әкесі Ескермес Ескендіров те журналист әрі ақын болған. Ал анасының мамандығы – тарихшы.

*– Отбасымда 6 баламыз, мен ортаншысымын. Әкем Ескермес Ескендіров – өңірге белгілі журналист-ақын. Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза-Әли, Мұзафар Әлімбаевтың қарамағында «Балдырған» журналында жұмыс істеген.*

*Анамның негізгі мамандығы тарихшы, бірақ балабақшада тәрбиеші болды. Үйде ортақ әңгімеміз ылғи да осы журналистика төңірегінде болатын. Әкемнің жұмысына қызығып, бала кезден өзімді журналист сезінетінмін. Бұл сөздің не екенін білмесем де, «Кім боласың?» дегенде мамандығым журналист деп айтатынмын. Ал 4-сыныпта алғашқы өлеңім газетке шықты.*

Ол былай еді:

*Біздің үйде мысық бар,*
*Кіп-кішкентай сүйкімді.*
*Қасыңа кеп пырылдап,*
*Кейде бұзар ұйқыңды, –*

деп балалық шағын еске алды маман.

Бала кезден шығармашылық пен журналистикаға бейімі болған Рая Ескендір 1990 жылы бүгінгі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. Онда қазақ журналистикасының корифейлері – Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Әбілфайыз Ыдырысов, Серікқали Бәйменше сынды тарихи тұлғалардан тәлім алады. Сондай-ақ, университет қабырғасында жүріп, жұмыс мансабын да бастап кетеді.

*– Университетте өндірістік тәжірибе болады, оны өтетін кезде мен «Зерде» журналына бардым. Сонда жүргенде редактордың орынбасары Әшірбек Амангелдиев маған «жазуға икемің бар екен, бізге жарты ставкаға кел» деп жұмысқа алды. Мен әртістер туралы жазғым келетін. Бірақ журналдың бағыты ғылыми болғандықтан, көбіне ғылым-білім туралы жазып үйрендім,* – деді Рая Ескермесқызы.

1995 жылы журналист Қазақ ұлттық университетін тәмамдайды. Оның айтуынша, бұл уақытта газет-журналдар жабылып, қиын кезең орнайды. Соған қарамастан, жас маман алдымен «Заман Қазақстан», одан кейін «Ана тілі» басылымдарында жұмыс істейді. «Ана тілінде» жүріп екінші рет ана атанған Рая Ескендір декреттік демалыстан кейін 2003 жылы «Алматы ақшамы» газетіне жұмысқа тұрады. Сол уақыттан бері ол Алматының тыныс-тіршілігінен хабар беретін басылымның үлгілі тілшісі ретінде жұмыс істеп келеді. Бүгінде Рая Ескермесқызы газеттің «Жаңалықтар мен ақпарат» бөлімін басқарады.

*– Мен жұмысқа келгенде Ерғали Сағат деген ағамыз бас редактор болды. Ол кісі әр журналистерді бөлім-бөлімге бөліп қоятын. «Мен біреудің бақшасына түскенді ұнатпаймын» деп айтып отыратын. Сол кісінің тәрбиесімен өз саламды таңдап, қаланың тіршілігі және Алматының жаңалықтарын жазуға атсалысып, қалам тербеп келе жатырмын.*

*Бұрын мақаланы қолмен жазып, оны жазу машинасына тердіретінбіз. Кезекші болған кезде типографияға барып, газет шыққанша түнге дейін сонда жүретінбіз. Қазір жұмыс біршама жеңілдеді. Көп жұмыс электронды түрде атқарыла-ды,* – дейді журналист.

Сонымен қатар, ол журналистика мамандығының қызығы мен шыжығы қатар жүретінін атап өтті. Рая Ескендірдің пікірінше, журналист әрдайым ізденісте жүреді.

*– Журналист әр саланың ішіне еніп, ондағы жұмысшылардың орнына өзін қойып көре алады. Мысалы, бір күні мұғалім болады, келесі күні композитордың жан-күйіне енеді.*

*Оған қоса, көптеген мықты тұлғалармен танысып, көзқарасы кеңейеді. Кейде кейіпкерлер өз басындағы оқиғаларын баяндап бергенде, солардың қателігінен сабақ алуға, оң тұстарынан үлгі алуға тырысамын. Ал бұл саланың қиындығына келсек, қыз бала үшін бір қолымен қалам, бір қолына қазан ұстап жүру оңай емес. Бірақ қазір журналистикада мықты қыздар көбейді.*

*Сондай-ақ, журналист күні-түні ізденісте, белгілі тақырыпты ойлап жүреді. Қауіп-қатерге, уақыт пен мезгілге қарамай оқиға орнынан хабар таратуға барады. Індет кезінде 400-ден астам журналист қайтыс болды. Олар ақпарат тарату үшін осы індеттің ортасында жүрген мамандар,* – дейді Рая.

Тәжірибелі маман қазақ баспасөзінің болашағына нық сеніммен қарайтынын да айтты.

*– Бір халықаралық кездесуде шетелдің сарапшылары «кезінде бізде де газет-журнал, кітап оқылмай қалған кез болды. Бірақ оның бәрі уақытша, біз қазір газет пен кітапқа қайта келдік» деп айтқаны бар. Мен де қазақ басылымдарының оқырманы қайта көбейетініне сенімдімін.*

*Өйткені, тасқа түскен жазу адамның жадында сақталады. Қолымен ұстап оқыған бір басқа да, телефоннан көрген бір басқа. Кітап және газет-журналдың дәуірі қайта келеді деп ойлаймын. Қазірдің өзінде оқитын оқырмандарымыз баршылық. Олар мәселесін айтып, хабарласып жатады. Алғысын айтады. Біз қолдан келгенше көмек береміз,* – деді кейіпкер.

**Жұмысын адал атқарып жүріп екі қыз тәрбиелеп өсірген ана бүгінгі күні немере сүйіп отыр. Кішкентай бүлдіршіннің қызығына тоймай жүрген жас әже бос уақытында ән айтқанды және дастархан жасап, қонақ күткенді ұнатады. Әріптесіміз қандай да құрметке лайықты жан.**

**Досбол АТАЖАН.**

## МАҚАН ЖҰМАҒҰЛОВ – 100

# «ҚАЛАМ МЕН ҚАРУДЫ ҚАТАР ҰСТАП...»

**А.Чехов атындағы Орталық кітапханада танымал қазақ жазушысы, прозаик, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мақан Жұмағұловтың 100 жылдығына арналған «Қалам мен қаруды қатар ұстап...» атты әдеби кеш өтті. Әдеби кешті Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай ашып, жүргізіп отырды.**



**Рая ЕСКЕНДІР**

Төраға орынбасары сәулелі ғұмырын қазақ жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударып, олардың Одаққа танымал болуына күш салған қаламгердің ерен еңбегін кеңінен атап өтті. Танымал жазушының балалық шағынан бастау алып, оның өмір жолын қамтыған деректі фильм де жазушыны терең тануға мүмкіндік берді.

Қаламгер жазушы Мақан Жұбанышұлы 1924 жылдың 20 қазанында Алматы облысының Шелек ауданына қарасты Киікбай аулында өмірге келеді. Жастайынан тағдыры қиыншылыққа толы қағілез ұлға тәңір сан қырлы талантты да қоса береді. Оның бойында ерекше дарыны басым болып, керемет сурет салу өнерін меңгерді. Сурет салуға деген құштарлығы оның Алматы көркемсурет училищесіне оқуға түсуіне мүмкіндік береді. Осы арада тұтқиылдан басталған сұм соғыс оның оқуын толық бітіруіне кедергі келтіреді.



Дегенмен, Екінші дүниежүзілік соғыстан елге аман оралып, аталмыш училищені тәмамдайды. Мақан Жұбанышұлы екінің бірі батылы барып, қолы жете бермейтін Мәскеудегі Әдебиет институтын да ойдағыдай бітіреді. Ол өзінің еңбек жолында мектепте мұғалім, «Учитель Казахстана» газетінде әдеби қызметкер, «Жазушы», «Қазақстан» баспаларында редактор, «Авторлық құқық қорғау жөніндегі Бүкілодақтық агенттігінің Қазақ республикасы бөлімшесінде инспектор, аға әдеби кеңесші қызметтерін атқарады. Шығармаларын орыс тілінде жазған жазушыңың соңында мол мұра қалды. Оның тұңғыш «Қараторғай» өлеңдер жинағы «Қазақстан» (қазіргі «Простор» журналы) альманахы мен «Ленинская смена» газетінде жарияланады.

Жазушының «Қыран қазасы қияда» романы Ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы болған Амангелді Имановтың ерлігіне қойылған ескерткіш іспетті. Сондай-ақ, жазушының балаларға арналған «Сөз кітабы», «Днепрге» повесі, «Пима-ертегі», «Көңілді бес жүзінші» повестері мен әңгімелер жинағы жарық көрді. Жауынгер жазушының ерлігі ел есінде сақталып, орден-медальдармен, екі мәрте Қазақстан Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Орта Азия әскери округінің Құрмет грамотасымен марапатталды.Міне, ерлік жолы да, еңбек жолы да жас ұрпаққа үлгі болатын Мақан Жұбанышұлының өмірі осылай өрілген. Арнайы келген көзкөргендер жазушының есімін есте қалдыру үшін мектепке, көшеге есімі берілсе деген тілектерін де жеткізді.

**Кездесуде жазушы Зейнеп Ахметова Мақан Жұмағұлов батыр Бауыржанның талай еңбегін аударып, ризашылығына бөленгенін еске алса, жазушының жан жары Бати Жұмағұлова, қыздары Зура, Айгүл Жұмағұловалар әкеге деген сағынышқа толы естеліктермен бөлісті.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 529,19 теңге | $ USD/KZT 488,45 теңге | ₽ RUB/KZT 5,04 теңге | ¥ CNY/KZT 68,59 теңге |